



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ТЕНДІК – ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ



Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Қазақстанда мүгедек адамдарды әлеуметтік қорғау ҚР Конституциясымен, ҚР Әлеуметтік кодексімен реттеледі.

(Жалғасы 5-бетте)

Архат ЖАҒЫПАР,
Жарма аудандық сотының
судьясы
АБАЙ ОБЛЫСЫ

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫ: АҢҒАЛ ЖҰРТТЫҢ АРМАНЫН ҰРЛАҒАНДАР

Заң салтанат құрғанда ғана азаматтық қоғамның іргесі берік болып, демократиялық бағытқа қарай ілгері қадам жасай алады. Әділетті қоғамның іргетасы мықты болуы үшін де қоғамдық ортада халық заңның тәртіптері мен талаптарына бағынып, әділдік пен теңдік тұрғысында қарастырылған жағдайда ғана тұрақтылық қалыптасып, елдің, жалпы жүйенің үйлесімі болмақ. Елдің құқықтық мемлекет ретінде орнығуы да дәл осы заң мен тәртіп тұжырымдамасының жүзеге асырылуына тікелей байланысты десек қателеспейміз.

Заң қағидаларын сөз еткенде осы уақытқа дейін халық арасында кеңінен таралып, негізінен аңғал әрі тез иланғыш жұртты қу тақырға отырғызып кеткен қаржы пирамидалары еріксіз еске оралады. Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру бағытында құқық қорғау органдары мен құзырлы меке-

мелермен тиісті шаралар жүзеге асырылып жатқанымен алаяқтардың құрбанына айналып жатқандар азаяр емес. Тіпті, несие алып осы бір қаржылық пирамидаларға өз еркімен қомақты қаражатын салып жібергендердің жыл өткен сайын көбейіп бара жатқаны алаңдатады.

Алты алаяқтық құрылым әшкере болды

Соңғы жылдары мұндай қаржылық пирамида түріндегі құрылымдар Ақмола облысында біраз адамдарды қолдағы барынан айырып кеткен. Дегенмен құқық қорғау органдарының қырағылығының арқасында олардың бірқатарының жолы кесіліп, заңды белден басқандар жазасын алды. Ал, халықты ашық түрде алаяқтық жолмен қанаған бөлімшелер ақыры толықтай таратылғаны мәлім болды. Бұл туралы Ақмола облысының

өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында Ақмола облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті басшысының орынбасары Сәкен Мушағалиев хабарлады.

– Құқық қорғау органдарының қырағы қызметінің арқасында еліміздің заңдарын өрескел түрде бұзып, халықтың қаражатын алдап-арбау жолымен талан-таражға салған қаржылық пирамида түрінде құрылған компаниялар таратылды. Мәселен, тек Ақмола облысының аумағында осындай алаяқтық сипаттағы алты бірдей қаржылық құрылымның жолы кесілгенін атап өткен жөн.

(Жалғасы 3-бетте)

3-бет



**Shymkent Hub –
цифрлы серпілістің өзегі**

6-бет



Өзіңді тану үшін Абайға үңіл!

8-бет



**Комбесі
көп жылдар**

ИНДЕТ

Деректер мен дәйектерге көз жүгіртсек, соңғы жылдары Атырау қаласында интернет-алаяқтық жасаушылардың саны көбейе түскені байқалады. Заманауи технологияларды тиімді пайдалана отырып, қылмыскерлер әртүрлі тәсілдерді қолдануда. Олардың ішінде ең көп тарағаны – веб-сайттар арқылы жәбірленуші өзі ақша аударып, кейіннен тапсырысын ала алмай қалу, меншік иесімен немесе мүліктің заңды иегерімен арасындағы сенімдік қатынастарды өз мақсаттарына пайдалану деректерін айтуға болады.

АЛАЯҚТЫҚ ҒАСЫР ДЕРТІНЕ АЙНАЛЫП БАРАДЫ

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қаншама рет айтылып жатса да көптеген адамдардың шектен тыс сенгіштігі мен құқықтық сауатының төмендігі оларды қаржы пирамидаларының қақпағына іліктіруде. Салымшылардың миллиондаған қаржысын айналымға салып отырған банк саласында да интернет-алаяқтық күннен күнге көбейіп келеді. Олар салымшыларға өздерін тұрғылықты банктердің қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері ретінде таныстырып, клиенттерге шоттарында күдікті операциялар немесе жүйенің сол сәтте дұрыс жасамай тұрғанын хабарлайды. Сенімге кіргеннен кейін ақшаны өздерінің, яғни жалған шотқа аударуды ұсынады немесе банк картасының толық деректерін алдап алып, шоттағы барлық ақшаны иеленіп кетеді. Жыл басынан бері жеті жүзден астам адам алаяқтардың құрбанына айналып, бүкіл жиған-тергенінен айырылды. Бұл фактілер тұрғындарымыздың тым сенгіштігін, аңқаулығын, әлі де болса жеңіл табыс табуға бейім екендігін көрсетеді. Бұл жерде әрбір салымшы банк қызметкерлері үшін өз клиенттерінің карточкалық шот бойынша деректерін не болмаса интернет банкинг паролін сұрауы міндетті емес екендіктерін білгендері жөн.

Жоғарыда атап өтілген қателіктерге болашақта жол бермеу үшін құқық қорғау органдар облыс орталығындағы барлық екінші деңгейдегі банктерге алдын ала ескерту ережелері туралы клиенттерді қолжетімді байланыс құралдарымен хабардар ету ұсынылды.

Кейбір банктерде онлайн-несие қарыз алушының жеке қатысуынсыз қашықтықтан рәсімделеді. Осы мүмкіндікті интернет-алаяқтар өз мақсаттарына тиімді пайдалануда. Қарыз алушылардың алатын қарыздарын рәсімдеу кезінде жеке тұлғаларды сәйкестендіруді міндетті түрде енгізсе біраз алаяқтардың жолдары да қолдары да кесілері даусыз.

Сондықтан да әрбір салымшы егерде күдікті СМС немесе таныс емес адамдардан қоңыраулар түскен жағдайда, дереу тұрғылықты полиция органдарына хабарласып, тез арада банктегі өз шоттары мен кредиттік тарихын тексеріп отырулары шарт.

Тауарларды интернет арқылы

сатып алған кезде тауарларды тек тексерілген сайттардан сатып алуды есте ұстаған жөн. Әрі бұл қос сайт емес, ресми бет екеніне көз жеткізе алыңыз. Көбінесе қылмыскерлер бір-біріне ұқсас сайттар арқылы жұмыс жасайды да ондағы ресурстың сипаттамасын өзгертеді. Банктердің логотиптерін, танымал брендтерді пайдаланады. Егер де сізден тауар үшін алдын ала төлем сұралса, алдын ала төлем шарттарын мұқият оқып, тексеріп шығу керек. Көп жағдайда алаяқ басқа адамның алаяқтық жолмен алған жеке куәлігінің фотосуретін жібереді. Егер сіз басқа қалада тұрып тауарға тапсырыс берсеңіз, ағайын-туыстарыңыздан, таныстарыңыздан ондай тауардың бар-жоғын және ұсынылған сипаттамаларға сәйкес келетін келмейтінін тексеруді ұмытпаңыз.

Бүгінгі таңда цифрландыру мен қашықтан көрсетілетін қызметтердің дамуымен бірге тұтынушылық кредиттеу нарығында азаматтарға жалған қарыздарды алаяқтық жолмен ресімдейтін интернет алаяқтық жаңа түрлері мен әдістері пайда бола бастады. Атап айтқанда, интернет арқылы қызмет көрсету және сауда жасау, өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, салымшылардың жеке деректерін иемдену және өзге біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстарды көрсеткен жөн. Интернет-алаяқтықтың бел алуының негізгі және басты себебі – азаматтардың сенгіштігі. Ондай қылмыстарды ашу және тергеуде біршама қиындықтар бар, өйткені қылмыскер үшінші адамдарға тіркелген әртүрлі банк карталары мен карталарды, сондай-ақ әртүрлі абоненттік нөмірлерді тиімді пайдаланды. Өздері тасада тұрып ақша қаражаттарын шешіп алу үшін үшінші адамдарды пайдаланады. Мұндай қылмысты ашу үшін барлық деректерді терең талдау керек. Бұл қосымша білікті адам ресурсын, уақытты талап етеді.

Сондықтан да қаламыздың әрбір азаматы сенімсіз, белгісіз адамдардан түрлі хабарламалар түскен жағдайда міндетті түрде құқық қорғау органдарына хабарласулары керек.

Бахытгүл ДЮСЕБАЛИЕВА,
Атырау қалалық №2
сотының төрағасы



ЖИЫН

Қызылорда облысында Билер кеңесінің төрағасы З.Нұрсейтов Арал қаласындағы жаңадан бой көтерген «Руханият орталығында» «Билер кеңесінің қызметін дамыту мәселелері» тақырыбында жиын өткізді.

Шараға аудандық сот төрағасы Р.Алдамбергенов, аудандық Билер кеңесінің төрағасы мен мүшелері және қоғамдық кеңестің мү-

шелері қатысты. Облыстық Билер кеңесінің төрағасы З.Нұрсейтов Билер кеңесінің басты мақсаты халық арасындағы ұсақ-түйек дауларды сотқа жеткізбей-ақ, ауыл ақсақалдарының, яғни билердің араласуымен шешу болып табылатынын айтып, билер сотының тарихына кеңінен тоқталды.

Билер кеңесі жұмысының ережесін түсіндіріп өтіп, осы бағытта кеңес қызметі жайлы түсіндіру шараларын жүргізуге шақырды. Сондай-ақ, би-шешендердің ұлағатты сөздерінен,

БЕЗБЕН

КЕРІ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ СҮЗГІ

Қазіргі таңда Қазақстан «құқықтық мемлекет» қағидасын берік ұстанған ел ретінде өз дамуында жаңа кезеңге қадам басты. Бұл бағыттағы негізгі қозғаушы күштердің бірі – Конституциялық Сот пен заң шығару процесі арасындағы өзара тиімді байланыс. Бұл байланыс құқықтық жүйенің сапасына, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына тікелей әсер етеді.



Қаламқас ЕСЕНҚАЗЫ,
Ақтөбе қалалық
№2 соты әкімшісінің
басшысы

2023 жылғы конституциялық реформалар нәтижесінде елімізде Конституциялық Сот қайта құрылып, мәртебесі айтарлықтай нығайтылды. Ол – Конституцияның жоғары заңдық күші мен тікелей

қолданылуын қамтамасыз ететін, азаматтар мен ұйымдардың конституциялық құқықтарын қорғауда соңғы әрі ең жоғары инстанция болып табылатын орган.

Конституциялық Сот – тек бақылаушы орган емес. Ол – еліміздегі заңнамалық процестің сапасын арттырып, құқықтық жүйенің тұрақтылығына кепіл болатын құқықтық сүзгі рөлін де атқарады. Заң қабылданып қойған соң, оның кейбір нормалары Конституцияға сәйкес келмесе, бұл сот оларды жарамсыз деп тануға құқылы.

Парламент пен Мәжіліс заң жобаларын талқылап, қабылдайды. Алайда бұл процесте барлық нормалар әрдайым Конституция талаптарына сай келе бермейді. Мұндай Конституциялық Соттың кері байланыс тетігі іске қосылады. Бұл – құқықтық тәжірибеде өте маңызды демократиялық құрал.

Кері байланыс мыналарға мүмкіндік береді:

- қабылданған заң нормаларын уақытылы сараптап, конституциялық сәйкестігін тексеруге;
- заңнамалық олқылықтарды жоюға;

• азаматтардың құқықтарын заңсыз шектеуден қорғауға.

Бұл орайда Конституциялық Сотқа тек мемлекеттік органдар емес, кез келген азамат немесе заңды тұлға да тікелей жүгінуге құқылы. Бұл – Қазақстан құқықтық мемлекетке бет алғанының айқын белгісі.

Қоғам өмірінде заңдардың сапасы мен үйлесімділігі аса маңызды. Егер белгілі бір заң Конституцияға қайшы болса, ол қоғамда құқықтық дағдарыс туғызуы мүмкін. Мұндай жағдайларда Конституциялық Сот сүзгі қызметін атқарып, құқықтық кеңістіктің тазалығын сақтап отырады.

Сот арқылы:

- Конституцияға қайшы келетін нормалардан заңнама тазарады;
- қоғамда заң үстемдігі мен әділеттілік принциптері нығаяды;
- заң шығару органы өз жұмысына сын көзімен қарап, болашақта сапалы шешімдер қабылдауға ынтыланады.

Конституциялық Сот – әділеттің, құқықтың және қоғам мүддесінің күзетшісі. Ал Парламент – заң арқылы халықтың еркін билдіретін басты өкілдік орган. Екеуінің үйлесімді әрекеті – құқықтық тұрақтылық пен әділеттіліктің берік іргетасы. Біз, сот қызметкерлері, осы үдерістің ішінен көрініс табатын әрбір құқықтық шешімнің қоғамға қызмет етуіне мүдделіміз.

ИННОВАЦИЯ

«ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙЛАРДА» ҚАЖЕТТІ ҚЫЗМЕТТЕР ТАЛҚЫҒА ТҮСТІ

Astana Hub алаңында «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы» (МО ИРБП) жобасының DEMO DAY іс-шарасы өтті. Жобаны жұртшылық арасында насихаттау мақсатындағы бұл шарада платформаның «Өмірлік жағдайлар» блогына ерекше назар аударылды. Ол азаматтарға нақты өмірлік жағдайларда қажетті қызметтерді, рәсімдерді және әрекеттерді түсінуге көмектеседі. DEMO DAY барысында қатысушылар бұл жобаның мемлекет пен азаматтар арасындағы ашықтықты, цифрлық қолжетімділікті және коммуникация тиімділігін арттырудағы маңызды құралға айналғанын атап өтті.

GOV.KZ порталындағы «Өмірлік жағдайлар» – бұл жай ғана жаңа функционал емес, мемлекет пен азамат арасындағы цифрлық өзара іс-қимылдың сапасын арттыруға бағытталған жүйелі қадам. Қазіргі таңда платформада «Жеке куәлікті жоғалту», «ЖОО-ға түсу», «Басқа өңірге көшу», «Бала туғанда берілетін жәрдемақы» және т.б. тақырыптарды қамтитын 169 материал жарияланған. Платформаның мүмкіндіктері туралы азаматтардың кеңінен хабардар болуы үшін ауқымды ақпараттық науқан іске қосылды.

Бұл бағыттағы жұмыстармен қатар, платформаны дамыту жалғасуда. Бүгінде МО ИРБП базасында 3546 мемлекеттік органның интернет-ресурсы жұмыс істейді, ал жалпы құрылған сайттардың саны 4000-нан асты. 2024 жылдан бері платформаға келушілердің жалпы

саны 66 миллионнан асты, оның 86 пайыздан астамы қазақстандық пайдаланушылар. Ең танымал сайттар – Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Цифрлық даму министрлігі, Қорғаныс министрлігі және Астана қаласы әкімдігінің ресурстары. Қаралымдардың 60 пайыздан астамы мобильді құрылғылар арқылы жасалуда, бұл интерфейсстердің ыңғайлылығы мен бейімділігін көрсетеді.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның мәліметі бойынша, 2024 жылы жоба отандық QazTech технологиялық платформасына көшіріліп, негізгі сервистерді дамыту жұмыстары жалғасты. Атап айтқанда: MO IRBP базасындағы 3546 мемлекеттік органның интернет-ресурсы жұмыс істейді, ал жалпы құрылған сайттардың саны 4000-нан асты. 2024 жылдан бері платформаға келушілердің жалпы

еріктілерге арналған функциясы бар ашық сыбайлас жемқорлыққа қарсы портал және «Е-қызмет» жүйесімен біріктірілген бос жұмыс орындарын жариялау модулі іске қосылды. Бұдан бөлек, барлық мемлекеттік органдарға қоғамдық кеңестер мен есептілік туралы ақпаратты жариялауға арналған бірыңғай модульдер ұсынылды. Платформа халықаралық деңгейде дамуда – шетелдік пайдаланушылар үшін бейімделіп, Тәжікстан басшылығына Одақтастық декларациясы аясында таныстырылды.

Бүгінде платформа базасында сайт құру 15 минуттан аспайды және әзірлеушілердің қатысуын қажет етпейді. Контентті басқарудың икемді жүйесі арқылы мемлекеттік органдар өз бетінше өзгерістер енгізіп, сайтты өзекті ақпаратпен толтыра алады.

Жыл соңына дейін платформаның функционалын кеңейту, контентті автоматты түрде мониторингтеу жүйесін енгізу, мемлекеттік органдар мен әкімдіктердің сұраныстары бойынша жаңа модульдер әзірлеу жоспарлануда. Сонымен қатар, «Өмірлік жағдайлар» бөлімін барлық мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына кіріктіру жұмыстары жүргізілуде.

К.ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

БИЛЕР КЕҢЕСІ БАС ҚОСТЫ

билер кеңесінің қараған дауларынан мысалдар мен есептік мәліметтерді келтірді.

Сот төрағасы Р.Алдамбергенов Билер кеңесінің қызметін дамыту сол бұрынғысынша күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып қала беретінін, себебі қара қылды қақ жарған бабаларымыздың жолын ұстанатын ақсақалдарымыздың өмірлік тәжірибесі мен тәрбиелік мәні зор, көпшіліктің көкейінен шығатын аталы сөздерінің көптеген жанжалдарды соттан тыс шешуге

ықпал ететінін айтып, осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіру мәселелеріне тоқталды.

Шара соңында қатысушылармен өткізіліп отырған шараның өзектілігі мен маңыздылығы және осындай кездесулердің Билер кеңесі қызметін дамытуға үлкен сеп болатындығы айтылды.

Арал аудандық соты
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТИП

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫ: АҢҒАЛ ЖҰРТТЫҢ АРМАНЫН ҰРЛАҒАНДАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Атап айтқанда, «Chia Tai Pharmaceutical», «SincereSystems-GroupLtd», «Eolus», «Chia Tai Tianging», «Charoit» және «Лайм академия» секілді қаржы пирамидаларының бөлімшелері толықтай таратылды, – дейді Ақмола облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті басшысының орынбасары Сәкен Мушағалиев.

Жүздеген жәбірленуші – миллиардтаған шығын

Ведомствоның дерегінше соңғы жылдары өңірдегі қарапайым аңғал жұрттың қалтасын қағып, алаяқтықтың небір құйтырқы әдістерімен жұртты алдап тақыр мұзға отырғызып кететін қаржы пирамидалары айылын жимай тұр. Аты бар да заты жоқ мұндай «компаниялар» жеңіл жолмен қомақты ақша тапқысы келетіндердің өзін майда тілмен жетегіне ертіп, ақыры қолындағы барынан айырып кетіп жатқан болып шықты. Департамент басшысының орынбасары ұсынған деректерге сенсек тек соңғы екі жыл ішінде ғана облыс аумағында

осындай алаяқтық жолмен жұрттың қаржысын сыпырып келген алты бірдей құрылымның жұмысы тоқтатылып, оның өкілдері құрықталған.

Департаменттің жүргізген құқықтық бағыттағы жұмыстарының нәтижесінде алаяқтардың құрбанына айналғандармен жүргізілген жұмыстардың да аса көлемді түрде жүзеге асырылғанын аңғардық. Атап айтқанда облыс аумағында заңсыз тірліктерін жасап, «аңқау елге, арамза молда» болып, қаржылық құйтырқы әрекеттері арқылы жұртты алдап кеткен қаржылық ұйымдарға облыс аумағында ғана жалпы саны 2304 адам әр түрлі қомақты көлемде салым салып жіберген болып шықты. Ведомствоның қолда бар мәліметтері бойынша қаржы пирамидаларына сенген адамдар жалпы сомасы 415 миллион теңгеден астам қаражатын ең қолдарымен салып жіберген. Алайда, өтіріктің арты бір тұтам болып, жоғарыда аталған қаржылық пирамида құрылымда-



рын ұйымдастырушылар сотталып, мемлекет кірісіне заңсыз жолмен алынған 10 миллион теңгеден астам мүліктері тәркіленген. Сондай-ақ пирамидаларды жарнамалаған үш азамат қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Кибербақылау: онлайн алаяқтарға тосқауыл

– Тек биылдың өзінде облыс аумағында тағы төрт бірдей қаржы пирамидасының заңсыз әрекеті тоқтатылды. Олардың құрамында екі мыңнан астам адам болғаны анықталды. Ал, жалпы салымдар-

дың көлемі бір миллиард теңгеден астам қаражатты құрады. Атап айтқанда, «BuyersUnion» пирамидасына жеті адам 8 миллион теңге қаражат салса, «S-Group» пирамидасына 25 адам қатысып, 59,8 миллион теңге қаржылай салым салған болып шықты, – деп толықтырды спикер Сәкен Мушағалиев.

Сонымен қатар, Көкшетауда 2025 жылдың наурызынан бастап «Lemon» деген атаумен қаржы пирамидасы жұмыс істей бастағаны да белгілі болды. Қазіргі таңда бұл алаяқтық фактісіне қатысты қылмыстық іс қозғалған. Аталған пирамидалық ұйым жүздеген адамды алдап соғып, олардың 34,5 миллион теңгеге жуық қаражатын қағып алған.

Департаменттің тергеп-тексеру қызметінің нәтижесінде мұнымен қоса жұмыс барысында Щучинск, Степногорск және Атбасар қалаларында ПК «AsarBaspana» қаржы пирамидасының заңсыз жұмыс істеген бөлімшелері анықталған. Ол осы аймақтарда өткен жылдың сәуірінен бастап биылғы жылдың қаңтарына дейін жұмыс істеген болып шықты. Бұл қаржы пирамидасына да облыс бойынша екі мыңға жуық адам 980 миллион теңгеден астам қаражат салып, қан қақсап қалғаны мәлім болды.

Желілік маркетинг: тағы бір жасырын қауіп көзі

– Бұдан бөлек, облыстық Экономикалық тергеп-тексеру департаменті қаржы пирамидаларын жарнамалайтын аккаунттар мен чаттарды, сілтемелерді бұғаттау жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп келеді. Тек жыл басынан бері ғана әлеуметтік желілерде 1 953 адам мүшелік ет-

кен 8 чат пен аккаунттың жұмысы тоқтатылды. «Кибербақылау» ақпараттық жүйесіне заңсыз контент жариялаған 421 сілтеме бұғаттауға енгізілді. Оның 396-сы толықтай жабылып, қалғандары тиісті органмен келісу сатысында тұр, – деді өз сөзін қорытындылаған Сәкен Силыбайұлы.

Департамент басшысының орынбасары қазіргі таңда желілік маркетингтің дәурені қызып тұрғанын баса айтты. Мұнда да өзінің артынан адам тарту арқылы жүзеге асырылатындықтан, қаржылық пирамида жүйесінде әрекет етіп, олардың да басым бөлігі алаяқтық жолмен пайда табуды көздейтіні атап өтілді. Атап айтқанда мұндай желілік маркетингтердің басым бөлігі қажеттік өнімдерінің түр-түрін сатып, оны жарнамалау арқылы жұрттың сеніміне кіріп, күмәнді кәсібін астыртын жолмен жалғастыра берген болып шықты. Департамент өкілі мұндай компаниялармен де қазіргі уақытта тергеп-тексеру жұмыстары жүргізіліп жатқанын, ол аяқталған соң толық ақпарат берілетінін жеткізді.

Елімізде тікелей Президент бастамасымен қолға алынған «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Ал, заң әділетті қоғамның іргетасының мықты әрі тұрақты болуын қамтамасыз ететін басты құрал екені сөзсіз. Тек заң үстемдік еткен елде ғана теңдік пен әділдікке негізделген демократиялық, құқықтық бағыттағы азаматтық қоғам қалыптаспақ...

Абзал ТОҚАНОВ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

АЙМАҚ

SHYMKENT HUB – ЦИФРЛЫ СЕРПІЛІСТІҢ ӨЗЕГІ

Елімізде IT білім, инновация және технологиялық кәсіпкерліктің жаңа көкжиегі ашылып, сандық технологиялардың іс жүзінде кеңінен дамып жатқаны рас. Бүгінде тұтас жер-жаһанның барлығы көшіп, замана керуенінің жаңа кезеңіне айналған цифрлық дәуірде әр ел көшбасшылық үшін қолынан келгенше тырмысып жатқанын атап өткен жөн. Бұл орайда қашан да жаңа үдерістің басты капиталы – адам екенін ұмытуға болмайды.



Жаңа ғасырдың жүрдек талабына сай білікті кадрлар мен технологиялық шешімдерді қалыптастыруда еліміздің әр аймағында жаңадан инновациялық орталықтар құрылып жатқаны цифрлық салада тыңнан түрен салғандай оң ықпал мен ірі нәтижелерін көрсетіп келеді. Солардың ішінде оңтүстіктегі Shymkent Hub биылғы жылда табысты жобаларымен ерекшеленіп, өңірлік IT экожүйесінің негізгі тірегіне айналды десек артық айтпаспыз...

ЖЫЛДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК – САННАН САПАҒА

Shymkent Hub биыл жалпы саны 74-тен аса ауқымды іс-шаралар өткізіп, өңірдегі белсенді жастар мен студенттердің бастамасымен назарға ұсынылған стартаптарға қолдау көрсетуден бастап, болашақ IT-көшбасшыларын тәрбиелеуге дейінгі кең ауқымды бағыттарды қамти бастапты. Атап айтқанда, тек жыл басынан бері ғана жиырма екі мәрте Speaker Talks – халықаралық және жергілікті IT-сарапшылар мен кәсіпкерлердің шабыттандыру дәрістері мен ашық кездесулері ұйымдасты-

рылған. Бұл алаң жаңа идеялардың, серіктестіктердің, кәсіпкерлік рухтың ошағына айналғанын айғақтаса керек.

Сандық технология және инновация саласын жандандыруға баса назар аударған ұйым, сондай-ақ цифрландыру саласын қарқынды түрде дамытуға бағытталған басқа да іргелі шаралар легін қолға алғанын атап өткен жөн. Мәселен, бес мәрте өткізілген Digital Elshі шарасында әлемнің әр түрлі елдерінен табысқа жеткен, бірақ түп-тамыры Шымкенттен бастау алған азаматтардың өз өміріндегі көрген мол тәжірибесімен бөліскен әсерлі басқосуларға ұласты.

Ал, жаңа буын жастардың үлкен шоғырын жинаған Workshops шаралары 17 мәрте ұйымдастырылып, мұнда студенттер мен жас мамандарға арналған практикалық шеберлік сабақтары бәсекеге қабілетті IT-кадрлардың жаңа буынын даярлауға бағытталыпты. Shymkent Hub қолға алған әрі саланың дамуына ерекше тың серпін алуына ықпал еткен жобалардың бірі – Bootcamps болған. Сегіз мәрте түрлі арнайы тақырыптармен жүргізілген бұл

шаралар барысында тереңдетілген оқыту мен стартап жобаларды жедел дамытуға арналған қарқынды бағдарламалар жасақталғанын да атап өткен жөн.

Аса ауқымды әрі халық мейлінше көбірек жиналған жобалардың бірі цифрландырудың жаңа жүйелерін халыққа тарату және оның бүгінгі нәтижелерімен таныстыру мақсатында өткен үш бірдей форум кезінде көрініс тапты. Сан түрлі сала мамандары мен инвесторлар, мемлекеттік және жеке сектор өкілдерінің қатысуымен өткен кең ауқымды форум жаңа форматтағы дәстүрлі диалог алаңына айналып шыға келді десек қателеспейміз.

Дәстүрлі шаралармен қатар сандық технологиялардың кең форматта қолданылуына ықпал ететін Meetups жобасы да он алты мәрте ұйымдастырылып, бұл Шымкенттің барлық IT-қоғамдастықтарының арасындағы тәжірибе алмасу ерекше идеяларды ұштастыруға арналған бейресми кездесулер алаңына айналған.

Ал заманауи технологиялар мен тың идеяларды

өмірге әкелетін алдағы болашақ тізгінін ғылыми жолмен бағындыруға қадам басқан жастар мен жасөспірім мектеп оқушыларына білімдерін Шымқаладағы алғашқы робототехника чемпионатында сынауы цифрландыру саласының қала мен оның жан-жағына тұтастай кеңінен таралуына ықпал еткені сөзсіз. Жергілікті RoboPark серіктестігімен өткен бұл сайыс жасөспірімдердің инженерлік ойлауын дамытып, болашақта жастардың технологиялық білімді тереңірек меңгерген ұрпақтың іргетасын қалауға мүмкіндік бергенін де атап өткен жөн.

Халықтың ерекше ықы-



ласына бөленген әрі зор қызығушылығын туғызған тағы бір жоба Хакатон деп аталады. Қаланың кілең мықтыларының басын қосқан FutureMakers Hackathon жобасында сайдың тасындай іріктелген 35 бірдей команда бақ сынасып, өзара мықтыны анықтап көрген. Бұл сайыста қарсыластарын қапы қалдырған үздік үштік жалпы сомасы 1,2 млн теңге көлеміндегі қомақты сыйақыға ие болды.

Колледж студенттерінің басын қосып сандық технологияларды игеруге жігер берген CodeTriade Hackathon жобасы жергілікті политехникалық колледжбен бірлесіп өткізілді. Бұл шара – колледж деңгейіндегі жастардың білім мен индустрияны ұштастыру-



дың үлгісіне айналды десек артық айтпаспыз.

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТІҢ КІЛТІ – АДАМИ КАПИТАЛ

Shymkent Hub тек технологиялық жобалармен ғана емес, адами капиталды дамытумен де айналыса бастаған. Бұған биыл өткізілген бірнеше ауқымды бастамалар айқын дәлел болмақ.

Мәселен Cyber Tumar деп аталатын жаңа жобада мектеп оқушыларына арналған цифрлық сауаттылық іс-шарасы 45 баланы офлайн,

арттыру мақсатында құрылған бастама болып шықты. Тек жыл басынан бері ғана бұл клуб 15 тұрақты кездесу өткізіп үлгерген. Бұл – гендерлік теңдіктің тағы бір жарқын көрінісі екені сөзсіз.

Жергілікті цифрландыру басқармасы қолға алынған жобалардың нәтижесі де аса мол екенін атап өтті.

– Биылғы жылдың өзінде ғана мұнда жалпы саны 253 студент тәжірибеден өтті, олардың қатарында Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Шымкент халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Сүлеймен Демирел атындағы университет, Мирас колледжі секілді жетекші оқу орындарының өкілдері бар. Сондай-ақ цифрлық сауаттылықты арттыру мақсатында 300 адам онлайн оқыту курстарына тегін қолжетімділік алды. Бұл – өңірдің цифрлық мәдениетін қалыптастырудағы маңызды қадам, – деп атап өтті Шымкент қаласының цифрландыру басқармасының басшысы Мұхит Кемелов.

GTW SA – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕНГЕЙДЕГІ ІРІ ФОРУМ

Биыл 12-14 қыркүйекте Shymkent Hub алаңында Орталық Азиядағы ең ірі технологиялық форумдардың бірі – GTW Central Asia өтпек. Форумға шетелдік ірі ұйымдар мен айтулы топ-спикерлер шақырылып отыр. Айта кетерлігі, бұл форум мемлекеттік бюджеттен бір тиын да қаржы бөлінбей, жеке инвестициялар мен серіктестіктердің қолдауы негізінде ұйымдастырылмақ. Бұл – Shymkent Hub-тың өзін-өзі қаржыландыра алатын, тұрақты дамуға негізделген үлгілі экожүйе екенін айғақтайды.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ҰЛТТЫҚ ЖОБА

«БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ»

2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаның «Мен кәсіпкер» жобасы аясында «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Бір ауыл – бір өнім» (БАБӨ) жобасын іске асыруда. Оның негізгі міндеті – ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік әлеуетін арттыру мақсатында ауыл халқын сертификаттаудан өткен және нарықтық тартымдылығы бар бірегей, сапалы өңірлік өнім жасауға тарту.

– Осы жоба аясында жыл сайын БАБӨ тауарларының өңірлік жәрмеңке-көрмесі өткізіледі. Жоба бүкіл өңір бойынша дарынды өндірушілерді анықтауға көмектесіп келеді. 100 қатысушының басын қосқан 2024 жылғы көрме Жамбыл өңірінің зор әлеуетін айқын көрсетті: олар бірегей былғары мен киізден жасалған бұйымдардан бастап, төл тағам өнімдері мен инновациялық биотыңайтқыштарға дейін өндіреді. Алайда, дәл осы көрме ортақ мәселені де көрсетті: көптеген кәсіпкерлер жоғары сапалы өнім жасай отырып, кедергілерге де тап болады. Оларға заманауи технологияларға, маркетингтік білімге және ең бастысы ірі сауда желілеріне шығу немесе елеулі қаржыландыруға үміткер болу мүмкін емес өнім сапасын құжаттық растауға қолжетімділік жетіспейді, – дейді Жамбыл облысы Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Айдар Абдықадыров.

Айдар Қайнарұлының айтуынша, бұл жүйелі міндетті шешу үшін Кәсіпкерлер палатасы БАБӨ жобасының қатысушыларын оқыту және сүйемелдеу бойынша ынтымақтастық туралы меморандумдар жасасып, облыстың жетекші жоғары оқу орындарымен серіктестікке бастамашы болды. Мәселен, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті ынтымақтастықтың бірегей үлгісін ұсынды. Бұл жай ғана дәрістер емес, ғылыми ортаға толықтай ену. Бүгінгі таңда Тараз университетімен меморандум жасасу аясында қол жеткізілген

уағдаластықтарды іске асыру мақсатында биыл 16-27 маусым аралығында 28 кәсіпкер қарқынды курс бойынша оқуды аяқтады. Олар үшін ерекшеліктеріне сәйкес үш мақсатты бағдарлама әзірленді. Атап айтқанда жеңіл өнеркәсіп шеберлері үшін: «Текстиль және аяқ киім: бірегей бұйымдар жасау өнері». Азық-түлік өндірушілері үшін: «Азық-түлік өндірісінің заманауи тәсілдері: ғылымнан тәжірибеге дейін». Аграршылар үшін: «Биокөмір өндіру мен қолданудың озық технологиялары және органикалық өнім өндірісін ұйымдастыру».

Оқу қорытындысы бойынша әрбір түлек тек курстан өткені туралы сертификат алып қана қоймай, ең бастысы, зертханалық сынақтар туралы сертификатқа ие болды. Бағдарламаның негізгі және толығымен тегін элементі Тараз университетінің зертханаларындағы практикалық сабақтар болды. Кәсіпкерлер заманауи жабдықтарда өз өнімдерінің құрамын талдап, оның қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін тексеріп, тағамдық құндылығын, материалдардың беріктігі мен тиімділігін анықтай алды. Іс жүзінде олар шағын бизнес үшін құны көбінесе қолжетімсіз болып табылатын ғылыми зерттеулерге қол жеткізді.

Жамбыл облысы кәсіпкерлер палатасы директоры орынбасарының сөзіне қарағанда, курстың тиімділігінің ең жарқын мысалы Меркі ауданының кәсіпкері Айткүл Мусилимованың оқиғасы болды. Саңырауқұлақ өсірумен айналысатын оған шығындарды азайта оты-

рып, өнімділік пен өнім сапасын қалай арттыру мәселесі туындады. Биокөмірді (топырақ қасиеттерін жақсартатын арнайы ағаш көмірі) қолдану бойынша курста оқу оған тек теориялық білім беріп қана қоймай, дайын бизнес-шешім ұсынды. Зертханада ол биокөмірдің топырақ субстратына қалай әсер ететінін көріп, өз шаруашылығы үшін оны қолданудың экономикалық моделін есептей алды. Осы деректермен қаруланып, курсты аяқтағаннан кейін бірден осы технологияны енгізуге келісімшарт дайындауға кірісті. Оның бизнесі үшін бұл жаңа деңгейге шығуды білдіреді: өнімділікті арттыру, мүмкін, органикалық өндіріс стандарттарына көшу және соның салдарынан қосымша құны жоғары өнім жасау.

«Бұл бірінші лектің нәтижелері біз күткеннен де асып түсті. Біз тікелей, сезілетін нәтижені көріп отырмыз: қатысушылардың бірі қазірдің өзінде коммерциялық келісімшарт дайындауда, ал барлық 28 түлек енді бірлескен стартаптар немесе өндірістік кооперация аясында коммерцияландыру үшін университеттің 350 млн теңгеге дейінгі гранттық қаржыландыруына, соның ішінде өтінімдер беру үшін ғылыми негіздемеге ие болды. Осылайша, аяқталған курс кезекті оқыту іс-шарасы болып қана қоймайды. Ол Жамбыл облысында ғылым бизнеске қызмет ететін, ал шағын өндірушілер үлкен және танымал брендтерге айналуда нақты мүмкіндік алатын жаңа экожүйенің негізін қалады. Бұл сәтті пилоттық жоба білім, ғылым және кәсіпкерлік синергиясы заманауи өңірлік дамудың ең қуатты драйвері екенін дәлелдейді, – дейді А.Абықадыров.

Қ.ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»



«Таза Қазақстан» республикалық акциясының басталғанына шілде айында 1 жыл 2 ай болды. Ал 2024 жылдың қараша айында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет бекіткен 2024–2029 жылдарға арналған экологиялық мәдениетті дамытудың «Таза Қазақстан» тұжырымдамасының қабылданғанына 7 ай толды. Өзгеріс туралы айту үшін бұл уақыт біреуге аз көрінгенімен, біреуге жеткілікті уақыт.

2,4 МИЛЛИОННАН АСТАМ КӨШЕТ ЕГІЛДІ

Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Мансұр Ошурбаевтың айтуынша, 2024 жылдан 2025 жылдың шілдесіне дейін «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында елімізде 874 шара өткізілген. Олардың қатарында «Таза кәсіп – таза аймақ», «Киелі мекен», «Таза өлке», «Мөлдір бұлақ», «Жер сағаты», «Құстардың халықаралық күні» сияқты халықаралық акциялар да бар. Онда 1 млн 414 мың тонна қоқыс қалдықтары жиналып, елді мекендерде 2,4 млн-нан астам ағаш отырғызылыпты.

«Таза Қазақстан» бастамасы тек қоқыс жинаумен немесе ағаш отырғызумен шектелмейді. Бұл әлдеқайда терең және ауқымды жоба. Оның басты мақсаты – қоғамда экологиялық білім мен мәдениетті қалыптастыру. Біздің басты міндетіміз – әр азаматтың, әсіресе жас ұрпақтың табиғатқа деген көзқарасын өзгерту. Біз қоршаған ортаны қорғау, оған ұқыпты қарау жай ғана міндет емес, күнделікті өмір салтымызды ажырамас бөлігіне айналуына ұмтыламыз», – деген спикер балаларға ағаш өсіру дағдыларын үйрету жұмыстары қолға алынғанын да атап өтті. Мәселен қалаларда экобонустар мен фандоматтар орнатылады, олар қайта өңделген заттар үшін бонустар төлейді.

Тамызға дейін пилоттық режимде Астана мен Жезқазғанның 129 мектебінде қоқысты бөлек жинауға арналған 1000-нан астам эко-бокс орнатылады. Қазіргі уақытта 63 жоба мақұлданды, бұл жыл сайынғы өңдеу қуатын 1,1 млн тоннаға арттыруға мүмкіндік береді. Оның ішінде 14 жоба 52,4 млрд теңге сомасына қаражат алды, ал 106,9 млрд теңгеге тағы 23 жоба сараптаманың соңғы сатысында тұр. Бірқатар жобалар іске асыру кезеңіне өтті, кейбіреулері бойынша жабдықтарды монтаждау жүргізілуде.

Экология және табиғи ресурстар вице-министрінің сөзіне қарағанда, елімізде жыл сайын 4,5 млн тоннадан астам коммуналдық қалдықтар жиналады. Алайда оларды қайта өңдеу деңгейі былтыр 25,8 пайызды ғана құраған. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасындағы нысаналы көрсеткіштер бойынша, с 2029 жылға қарай коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу 25-тен 38 пайызға, экологиялық тәрбиені нығайту іс-шараларына тартылған оқушылар үлесі 15-тен 40 пайызға, ал азаматтардың экологиялық өмір сапасына қанағаттану деңгейі 55,8-ден 64,7 пайызға ұлғаюы тиіс.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БІР МҮДДЕ

СЫБАЙЛАСТЫҚҚА ТӨЗБЕУ ПАРАҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

Жылжыған жылдармен бірге азаматтардың құқықтық мәдениеті дамып, аршындай алға басқанын уақыт атты төреші көрсетіп отыр. Алакөл аудандық №2 сотында қалыптасқан жақсы бір әдет қызмет орнына белгіленген уақытта келіп-кету, талапқа сай киіну, функционалдық міндетін мінсіз атқару. Бұл екінің бірі елеп-екшемейтін еренсіз ғана, бірақ қызметкерлерге тигізетін ықпалы зор әрі қуана құптарлық жайт.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 1-бабы, 1-тармағында «әкімшілік-шаруашылық функциялар – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан заңын-

да белгіленген тәртіппен берілген құқық» деп нақтыланған. Соңғы жылдары сот жүйесі үздіксіз дамып келеді. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау, қылмысқа түбегейлі тыйым салу мақсатында қазіргі таңда сот қиындарында толықтай ғана технологиялар жолға қойылған.

Сот ғимараттарының барлығы бейнекамералармен қамтамасыз етілген. Бұл құрал бірінші кезекте азаматтар қауіпсіздігіне, екіншіден, сыбайласқан жемқорлықтың жолын кесуге арналған. Бұл уақыт қажеттілігінен туындаған талап. Жемқорлықтың жолын қоғам болып кесу, оған төзбеу замана талабы, бағыты, өркениетке қадам. Қазіргі кезде компьютерлік

орталықта әр күннің бейнежазбасы сарапталып, сұранымға сай тиісті орындарға жіберіліп отырады.

Қорыта айтқанда, міндет мемлекетке мінсіз қызмет ету, заң бұзушылыққа жол бермеу. Қоғамдағы жемқорлыққа қарсы сананың дамуы оған төзбеушілікті қалыптастырудан туындайды. Ендеше барлық құқық қорғау орындары мен мектеп, оқу орындары бірлесе жұмыс жасағанда қоғам жемқорлардан тез тазарып, әділет пен құқықтық мемлекет тез қалыптасады.

Бақытгүл ОРДАШЕВА,
Алакөл ауданының
№2 соты әкімшісінің
басшысы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

КИБЕРҚЫЛМЫС

Интернет – алысты жақындатып, өмірімізді жеңілдетіп отырған құрал. Дегенмен, оның да қауіпті тұстары жоқ емес. Алаяқтар үшін интернет қарапайым адамдарды алдаудың жаңа құралына айналып үлгерді. Сол үшін де интернет-алаяқтық жаңалық емес. Интернет жеке деректерді ұрлау және қаржылық алаяқтық жасауда ең танымал құралдардың бірі болып отыр.

ДАЙЫН АСҚА ТІК ҚАСЫҚ КӨБЕЙДІ



Интернет-алаяқтық заманауи технологиялық құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Оны киберқылмыстың бір түрі деп есептеуге болады. Интернеттегі алаяқтардың мақсаты – заңсыз жолмен басқалардың ақшасы мен мүлкін ұрлау. Алаяқтықтың бұл түрі интернет қызметтерін немесе оған қосылған бағдарламаларды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Интернет-алаяқтардың қымсыз әрекетінен әлемде қаншама адам қаржылық шығынға баып жатыр. Оған тосқауыл жоқ, десе де одан қорғану-

дың жолдары бар. Интернет-алаяқтық материалдық шығыннан бөлек моральдық шығынға да ұшыратады. Бұл алаяқтың кәсіби деңгейі мен тәжірибесіне байланысты.

Сіз кез келген уақытта қандай да бір жолмен онлайн-алаяқтықтың құрбанына айналып кетуіңіз мүмкін. Сол себепті, барынша абай болу керек және жеке деректерді қауіпсіздігін бақылап отырып жөн. Онлайн-алаяқтықтың ең көп таралған түрлері: фишинг. Байқауда жеңіске жеткеніңізді немесе компанияның жеке ақпаратты тексеруі қажет екенін не-

месе ешкімі жоқ қарт кісінің сізге миллион доллар жібергісі келетіні жазылған күдікті электронды хаттардың барлығы фишингтің мысалдарына жатады. Олар сол арқылы сіздің жеке деректеріңізді, құпия сөздер және банк немесе несие картасы шотының нөмірлерін алуға тырысады. Кей жағдайда сізге жіберілген хабарламада сілтеме болуы мүмкін. Сіз білместікпен сол сілтемені басқан бойда сіздің компьютеріңіздегі немесе ұялы телефоныңыздағы құпия деректеріңізді іздейтін вирус еніп кетуі ғажап емес.

Скиминг – заңды транзакция кезінде несиелік немесе дебеттік карта ақпаратын ұрлау. Скиммер суретшілері қалталы скиммерлерді пайдаланып бейхабар тұтынушылардың несиелік және дебеттік карталарын сканерлеу үшін мейрамханаларда, жанармай құю станцияларында және қонақүйлерде уақытша жұмыс табады.

Мұндай қылмыстарды ашудың қиындығы жәбірленушілер қылмыскерлерді көз-көз көрмейді, тек интернет кеңістігінде сөйлеседі. Әдетте, жалған телефон нөмірі пайдаланылады немесе IP мекенжайы үнемі өзгеріп отырады.

Т. АМАНГЕЛДИЕВ,
Ақтөбе облысының
қылмыстық істер
жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
аға сот приставы

ТҮЙТКІЛ

САУАТТЫ АДАМ САҚ БОЛАДЫ

Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың дамуы күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Алаяқтықтың ең көп таралған түрі осы бағытта өрбиде. Интернет арқылы сауда жасау, қаржылық операциялар жүргізу, қызметтерге тапсырыс беру адамдардың өмірін жеңілдетіп қана қоймай, алаяқтардың жаңа түрдегі қылмыстар жасауына да жол ашып отыр.

Соңғы жылдары интернет-алаяқтық саны күрт өсіп, бұл қылмыс түрі еліміздегі ең өзекті әлеуметтік проблемалардың біріне айналды.

Атап айтсақ, жалған интернет-дүкендер мен сайттар, қаржы пирамидалары, банктік карта деректерін заңсыз алу, әлеуметтік желілер арқылы сенімге кіру, мобильді қосымшалар арқылы жасалған алаяқтық түрлері уақыт өте келе бірнеше пайызға көбеюде.

Мүмкін болатын алаяқтық түрлеріне мыналар жатады. Фишингтік сайттар: алаяқтар банктің немесе белгілі компанияның сайттарын айнытпай жасап, жеке

деректерді (ЖСН, картаның CVV-коды, бір реттік SMS-кодтар) ұрлайды.

1. Қаржы пирамидасы,
2. Интернет-дүкендер,
3. Хабарлама арқылы манипуляция жасау.

Алдағы уақытта аталған оқиғаларға кездесіп қалмау үшін банк немесе мемлекеттік органның атынан келген хабарламаларға мұқият қарау;

Жеке мәліметтерді (ЖСН, картаның деректері, SMS-кодтар) ешкімге бермеу;

Белгісіз сайттарға кірмей, тексерілген ресми көздерді пайдалану; Интернет-дүкендерден



Алмагүл АХМЕД,
Мұнайлы аудандық
сотының бас маманы

сатып алмас бұрын пікірлер мен лицензиясын тексеру;

Қаржы пирамидаларына немесе күмәнді жобаларға инвестиция салудан бас тарту;

Алаяқтық фактісі орын алған жағдайда дереу полицияға немесе прокуратура органдарына хабарласу.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

САЛАУАТТЫ ЕЛ

ӘЛЕУМЕТТІК ТЕНДІК – ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Елімізде 2015 жылы БҰҰ мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады, осылайша мүгедек адамдарды қоғамға толыққанды интеграциялауға бағытталған шаралар кешенін одан әрі іске асыру бойынша міндеттеме алды. 2019 жылдан бастап мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспар іске асырылып жатыр. Оның шеңберінде әлеуметтік оңалту және реабилитация, кедергісіз орта және қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету, қоғамдық сананы жаңғырту жөніндегі іс-шаралар бар. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданған. Бұл құжат бойынша есту қабілеті төмен адамдар сотта ымдау тілі маманының қызметтерін тегін пайдалана алады. Сондай-ақ сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдарды пайдалануға мүмкіндік туады. Ал мүгедектігі бар балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған не қамқорлығында кәмелетке толған мүгедектігі бар адамдар бар азаматтарға өтеусіз заң көмегі көрсетіледі. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органға министрлердің, аудан, қала, облыстық маңызы бар қала, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдерінің мүгедектік мәселе-

лері бойынша штаттан тыс кеңесшілерін тағайындау тәртібін әзірлеу және бекіту жөніндегі құзырет беріледі.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректеріне сәйкес, Қазақстанда 725 мыңнан астам мүгедек адам бар. Оның ішінде 58 пайызы еңбекке жарамды адамдар болса, 26,9 пайызы зейнеткерлік жас және 15,1 пайызы 18 жасқа дейінгі балалар. Мүгедектігі бар адамдар санының жыл санап 1,5-2 пайызға дейін өсу үрдісі байқалады. Өкінішке қарай соған қарамастан елімізде оларды әлеуметтік оқшаулау, кемсітушілік, инфрақұрылымның қолжетімділігі және еңбек нарығында тең мүмкіндіктер мәселелері өзекті болып отыр.

Жалпы, елімізде мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін Қазақстанда әлеуметтік қорғаудың көп деңгейлі жүйесі жұмыс істейді. Олар әлеуметтік жәрдемақылар мен төлемдер түріндегі мемлекеттік көмек және қолдау, мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру шектеулерін еңсеруі үшін жағдай жасауға, әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруге, олардың әлеуметтік-тұрмыстық және қоршаған ортаға бейімделуіне бағытталған шаралар кешенін ұсыну арқылы ағзаның жоғалған функцияларын өтеу, әлеуметтік оңалту.

Сонымен қатар өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдендірілген көлемі ұсынылады, оған қызметтердің 8 түрі кіреді. Сонымен қатар былтырдан бастап

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен бірлесіп тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған Абай, Павлодар, Қызылорда облыстары мен Шымкент қаласында серпінді жоба іске қосылды. Бұл шараның негізгі мақсаты – үздіксіз оңалту және оңалтудың инновациялық техникалық құралдарын жеке таңдау арқылы тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың өмір сүру сапасын жақсарту. Мүгедектігі бар адамның медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдеріне бармай-ақ тек медициналық мекемеге жүгінуін көздейтін сырттай проактивті формат бойынша да пилоттық жоба жүзеге асырылуда.

ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп әлеуметтік маңызы бар объектілерді бейімдеу бойынша жоспарлы жұмыстарды қолға алыпты. Объектілерге кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге жауапты жергілікті атқарушы органдар қолжетімділіктің интерактивті картасы бойынша жергілікті жерлерде әлеуметтік маңызы бар объектілерді бейімдеу жөніндегі ақпаратты тұрақты негізде өзектендіреді. Компьютерден немесе ұялы телефоннан мүгедектігі бар адам үйден шықпай-ақ белгілі бір объектіге барар алдында оның қолжетімділік дәрежесін көруге мүмкіндігі бар.

Төктерін айтқанда елімізде мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау жыл өткен сайын жақсарып, әлемдік талаптарға жақындап келеді.

А. ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

Қазіргі қоғамда темекі шегу тек зиянды әдет қана емес, бұл – медициналық тұрғыдан мойындалған ауыр дерт. Әлемдік және ұлттық денсаулық сақтау ұйымдарының деректеріне сүйенсек, темекі шегуге тәуелділік көптеген аурудың қоздырушысы ғана емес, адамның өмір сүру ұзақтығына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Осы орайда темекіні тұтыну-дан туындайтын тәуелділіктің, сырқаттанудың және өлімнің зиянды салдарын қоғамға жан-жақты түсіндіру – бүгінгі журналистиканың да, медицинаның да ортақ міндеті.

ТЕМЕКІ ЗИЯНДЫ ӘДЕТ



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) темекі шегуді ICD-11 халықаралық аурулар жіктемесіне сәйкес «никотинге тәуелділік» ретінде белгілесе, Америкалық психиатрия қауымдастығы DSM-5 жүйесінде оны «зат қолданудың бұзылуы» ретінде сипаттайды. Бұл тәуелділік жүйке жүйесін зақымдап, адамның психоэмоционалдық және физиологиялық тепе-теңдігін бұзады. Ал ең қауіптісі – тәуелділікті жеңу үшін тек ерік-жігер жеткіліксіз. Темекі шегудің зияны жайлы айтқанда, алдымен жүрек-қан тамырлары аурулары, өкпе обыры, бронхит, инсульт және бедеулік секілді аса қауіпті сырқаттарды атап өту қажет. Ұзақ мерзімді темекі шегу нәтижесінде өкпе қатерлі ісігінің 85%-ы және жүрек-қан тамырлары ауруларының басым бөлігі дәл осы фактормен байланысты.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, жыл сайын әлемде 8 миллионнан астам адам темекі шегудің кесірінен көз жұмады. Оның 1,2 миллионы – пассивті шылым шегуге ұшырағандар. Темекі шегу жеке адамның ғана емес, оның айналасындағы адамдардың да өміріне қауіп төндіреді. Темекіні тастау – адамның ерік-жігеріне ғана емес, кәсіби көмектің болуына да байланысты. Зерттеулерге сәйкес, темекіні өз бетінше тастаған адамдардың тек 5%-ы ғана ұзақ мерзімге дейін темекіден бас тарта алады. Ал медициналық көмек пен психологиялық қолдауды қатар алғандардың арасында бұл көрсеткіш 40%-ға дейін жоғарылайды.

Қазақстанда темекіні тастауға арналған арнайы бағдарламалар мен емдеу әдістері енгізілуде. Мысалы, психоәлеуметтік терапия, мотивациялық кеңес беру, когнитивті-мінез-құлықтық терапия, никотин алмастыру құралдары мен арнайы препараттар (варениклин, бупропион) сәтті нәтижелер беруде. Темекі шегу тәуелділіктен туындаған ауру, ал темекіні тастау үшін ерік-жігерге емес, никотинге тәуелділікті емдеуге жүгіну керек.

Темекі шегуді тек ерік-жігер арқылы тастауға тырысқандардың сәттілік деңгейі өте төмен, ал жүйелі емдеу нәтижеге жету мүмкіндігін 2-5 есе арттыруы мүмкін.

Никотинге тәуелділікті емдеуді дәрі-дәрмекпен емдеу және психоәлеуметтік емдеу деп екіге бөлуге болады. Психоәлеуметтік емдеуге «қысқа мерзімді араласу» жатады, ол өте қысқа уақыт ішінде темекі шегуді тоқтатуға тиімді әсер етеді, темекіні тастауға мотивация деңгейін ескере отырып, кезең-кезеңімен өзгертуге жақындайтын «мотивацияны күшейту терапиясы» және өзін-өзі бақылау, күресу, дағдыларды оқыту және ынталандыруды бақылау және қайталанудың алдын алу жаттығулары сияқты әдістерді қолданатын «когнитивті мінез-құлық терапиясы» жатады. Және де топтық психотерапия мен гипнотерапияны да жатқызуға болады.

Никотинді алмастыру терапиясы никотинмен қамтамасыз ету арқылы темекі шегуді тоқтату кезінде бастарту белгілерін азайтуға, сондай-ақ никотинге құмарлықты азайту арқылы никотинге тәуелділіктен біртіндеп қалпына келтіруге бағытталған. Бупропион, ең алдымен, антидепрессант ретінде белгілі, бірақ никотинге тәуелділікті емдеу үшін де тиімді дәрі ретінде қолданылады.

Варениклиннің қосарлы көмекші әсері бар, ол темекі шегуді тоқтатумен байланысты абстиненттік симптомдардың төмендеуін қамтиды, сондай-ақ никотинді алмастыру әсерін төмендетеді. Дәрі-дәрмекпен емдеу әдетте 12 аптаға созылады, бірақ қайталанудың алдын алу үшін ұзағырақ емдеу ұсынылады.

Никотинге тәуелділіктен туындаған ұзақ мерзімді темекі шегу денсаулықты үнемі нашарлатады. Негізінен, өкпенің қатерлі ісігінен болатын өлім-жітімнің 85% темекі шегумен байланысты. Созылмалы жүрек-қан тамырлары ауруларының дамуының негізгі себебі де темекі шегу. Темекі – бұл жай ғана зиянды әдет емес, бұл – нағыз тәуелділік, тіпті дерт.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ШАПАРАТ

ӘЛСІЗГЕ ҚАМҚОР БОЛУ – ҚАСИЕТ

Қазақ қоғамында әлсізге қамқор болу – қанымызға сіңген қасиет. Дегенмен бүгінде бұл ізгі ниет ресми саясатпен, заңмен және нақты жүйемен бекітілуі тиіс. Мемлекетіміз соңғы он жылдықта мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік құқықтарын қорғау бағытында маңызды жүйелі қадамдар жасап келеді. Бұл тек заң қабылдаумен шектелмейді, ол заңды нақты іске асырумен де көрініс табады.

Шығыс Қазақстан облысы – инклюзивті саясатты жүйелі іске асырып отырған өңірлердің бірі. Мұнда 2022 жылдан бері «Әлеуметтік қолдау кабинеттері» жұмыс істейді. Бұл кабинеттерде мүмкіндігі шектеулі адамдарға құқықтық

кеңес, жұмысқа орналасу мүмкіндігі және психологиялық қолдау ұсынылады.

Мәселен, Семей қаласында тұратын 1-топ мүгедегі Айнагүл Сарсенова осы кабинет арқылы «Бизнес бастау» жобасына қатысып, өз кәсібін

ашқан. Мемлекеттік грантты ұтып, тігін цехын іске қосқан Айнагүл бүгінде өзі секілді тағы үш әйелге жұмыс беріп отыр.

– Бұрын «мүгедекпін» деп өзімді шеттете беретінмін. Қазір мемлекет те, қоғам да бізге мүмкіндік беріп отырғанын сезіп жүрмін, – дейді ол.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2021 жылдан бері «Кедергісіз келешек» жобасын жүзеге асырып келеді. Бүгінде бұл жоба аясында: 3000-нан аса

нысан бейімделді; 50 мыңға жуық адамға кәсіби оқыту жүргізілді; мүгедектігі бар азаматтарға арналған 1 200 арнайы жұмыс орны ашылды.

Сондай-ақ, 2025 жылға дейін барлық мектептер инклюзивті білім беруге дайын болуға тиіс деген міндет қойылып отыр.

Мемлекет мүмкіндігі шектеулі азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қорғауға бағытталған жүйелі саясат жүргізіп келеді. Ендігі міндет – осы жұмысты өңірлік деңгейде нақты іске асыру, қоғам мен отбасы тарапынан қолдау көрсету. Заң – бар, тетік – іске қосылған, енді қоғамның қабылдауы мен адами түсінік қажет.

С. АСҚАР

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ

ҰЛТ БОЛАШАҒЫНА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

Қазақстан үшін білім мен ғылым – тек әлеуметтік сала емес, ұлттың болашағы мен мемлекеттің тірегі саналады. Бұл қағида еліміздің Конституциясынан бастап, Мемлекет басшысының жолдауларында да нақты көрініс табады.



ҚР Конституциясы, «Білім туралы» және «Ғылым туралы» заңдары азаматтардың сапалы білім алуын, ғылыми қызметпен айналысуын және шығармашылық еркіндігін қамтамасыз етуді мақсат етеді. Бұған қосымша, 2020 жылдан бастап «Педагог мәртебесі туралы» заң күшіне еніп, мұғалімдердің құқығы мен кәсіби жағдайын жақсартуға бағытталған нақты нормалар қабылданды.

Бірақ сарапшылардың айтуынша, заңнамалық базаның болуы – нақты нәтиже беруге кепіл емес. Білім беру жүйесінде жиі орын алатын реформалар, оқу бағдарламасының тұрақсыздығы, ғылымға бөлінетін қаржының мардымсыздығы – бұл саланың жүйелі дамуына кедергі болып отыр. 2023 жылы елімізде ғылымға бөлінген қаржы 200 млрд теңгеден асты. «Ұлттық ғылыми кеңестер»,

«Жас ғалымдар жобасы» сынды бастамалар арқылы зерттеу институттары мен университеттерге қолдау көрсетіліп келеді. Дегенмен, ғалымдардың пікірінше, бұл қаражаттың тиімді бөлінуі мен нақты нәтижеге жұмыс істеуі – басты мәселе. Физика-математика ғылымдарының кандидаты Асылбек Төлеуов:

– Бізде ғылымға бөлінген қаражат көп жағдайда бюрократиялық есептерге кетеді. Нағыз зерттеумен айналысатын ғалымдарға жетпейді. Ал дарынды жастар грант таппай, шетелге кетіп жатыр, – дейді.

Заң жүзінде мұғалімнің жүктемесі азайтылып, жалақысы өсті. Бірақ ауылдық жерлерде пән мұғалімдерінің жетіспеушілігі, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі, оқушылар арасындағы білім теңсіздігі – шешімін таппаған мәселе.

Білім саласы бойынша сарапшы Айнұр Қасымованың айтуынша, реформалар жиі ауысқан сайын мектеп пен мұғалім тұрақтылықтан айырылады:

– Бір бағдарламаға үйреніп үлгермей жатып, екіншісі келеді. Бұл – білім сапасына тікелей әсер етеді. Ұстаз бен оқушының арасында сенім, тұрақтылық болмаған жерде нәтиже болмайды, – дейді ол.

Білім мен ғылым – заңмен бекітілген басым бағыт. Бірақ олардың дамуы тек құжатпен шектелмей, нақты іске асуы тиіс. Бұл салаға бөлінген әр теңге, қабылданған әр шешім – ұлттың болашағына салынған инвестиция.

Самал АСҚАР,
«Заң газеті»

Абай Құнанбайұлы (1845–1904) – Шығыс ойшылдарының өнегелі үлгілерін жоғары деңгейде игерген қазақ әдебиетінің классигі, маңдай алды ақыны әрі кемел ойлы философ ретінде тек қазақ топырағына ғана емес, бүкіл әлемге әйгілі тұлға. Халқымыздың данышпан ұлы Абай туралы ғылымның әр алуан саласында жазылған еңбектер көп.

ӨЗІҢДІ ТАҢУ ҮШІН АБАЙҒА ҮҢІЛ!



Ұлы ойшылдың философиялық, қоғамдық, саяси және құқықтық пікірлері тек өз заманының көкейкесті мәселелеріне арналып қоймай, қазір күн тәртібінде тұрған өзекті әрі өткір мәселелерге де жауап беретін өміршеңдігімен құнды болып отыр. Ол айтқан түйдек-түйдек данышпандық ой-пікірлерді санамизға сіңіріп, кәдемізге жарату әрі болашақ ұрпақтарға жеткізу парасатты парызымыз.

Осы тұрғыда оның көрнекті шешен, би ретінде атқарған заңгерлік қызметі, жол-жора ережелеріне енгізген жаңа реформаторлық үлгілері көшпелі қазақ халқының рухани өмірінің дамуына үлкен ықпалын тигізді.

1885 жылдың мамыр айында Шарда (сол кездегі Семей облысы) өткен билердің төтенше съезінде қабылданған ереженің мазмұны жалпы құқықтану ғылымына және Абайдың реформаторлық көзқарасын анықтауға елеулі үлес қосатын тарихи маңызы бар құқықтық құжат. Мұнда ұлы ойшылдың әдет-ғұрыптық жүйені реформалау және ислам діні бекіткен шариғат заңдарын заман талабына сай бейімдеу мақсаты айқын көрінеді. Абай барлық реформаторлық зейінін отбасы-неке, қылмыстық, азаматтық және басқа салаларында ықылым заманнан бері қолданылып келе жатқан әдет-құқық шарттарына аударып, оларды толықтырып, жетілдіріп, өмір тала-

бына, тұрмыс-тіршілікке сай келетін нормаларды құқық шарттарына енгізіп, әйел бостандығының, жалпы тең құқықтың нағыз жаршысы ретінде танылды. Жалпы ұлы Абайдың құқықтық мұрасын алғашқы болып жан-жақты зерделеп, зерттеп ол жазған Ереженің жеке баптарын сараптай отырып, ғылыми айналымға түсірген және Абайдың адал би, әділ би, шешен би деген аты көпке тарап, ол тарихта өткен ұлы билердің қатарынан саналатындығын дәлелдеген халқымыздың заңгер әйгілі академик С.Зиманов және талантты шәкірттерінің бірі профессор С. Өзбекұлы екендігін ерекше айтуымыз керек.

Енді ұлы Абайды білікті заңгер ретінде танытып, құқық түзудің озық үлгісі болып бағаланған оның заң Ережесіне қайта оралсақ, жалпы Ереженің мазмұны 74 баптан тұрады және Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ қоғамының әдеттік құқық жүйесін реформалауда бірқатар жаңа идеяларға толы болды. Сол заманның күәгері Мүсірәлі ақсақалдың айтуынша, Ереже қабылданған сәтте Абай төтенше билер съезінде төбе би болып сайланған екен. Кезінде Абай Мүсірәлі ақсақалға және басқаларға қарап: «Оязбен сөйлестім, қазақ дауы туралы орыстың шығарған заңы бізге тура келмейтінін айттым, ояз оған тоқтап: «олай болса, сен қазақтың құрпына, әдетіне, тұрмысына лайықты

заң шығарып жаз, оны съезге жиналған билерге, елге оқып бер, егер оларға ұнамағаны болса түзет, сол көптің ұнаған заңын мен бекітейін, бұдан былай қазақ ортасында белгілі заң болсын» деді. Соны жазып жатырмын. Жаңа заңды жұрт ұнатқаннан кейін ояз бекітеді», – деген екен. Сонымен айтқан күні ел түгел жиналып, ояздың алдына барды. Абай ояздың үйінде екен, екеуі шықты, сол жердегі жиналған көпшілік бірауыздан дұрыстап шуласты, ояз: «Ибрагим Құнанбаевтың заңы бекіді, бұдан былай билер осы заңмен билік айтсын» деді» (Абай Құнанбаев. Шығармалар. Екі томдық, 2-том, 1968, 242-бет). Содан бері халық «Абай заңдары», «Абай жазған Ереже деп атап кеткен аса құнды құқықтық құжат қазақтың әдет-құқық жүйесінде Абайдың реформаторлық идеялары мен көзқарасын зерттеуде бұл Ереженің маңызы өте зор екендігін ерекше айтуымыз керек.

Құқықтық мемлекет идеясының ең өзекті мәселелерінің бірі – адам құқы мен оның мемлекет тарапынан тиімді қорғалуы. Міне, осыған байланысты Абай өзінің еңбектерінде бұл мәселеге ерекше назар аударады. Ол жеке адамдардың туа біткеннен қалыптасқан теңдік, табиғи құқық идеясының жақтаушысы және жаршысы. Ол сол кезеңдегі батыс Еуропа ойшылдары ұсынған және уағыздаған бұл идеяның қазақ қоғамына қажеттігін дәлелдейді. Абай өз заманының болмысынан әлдеқайда жоғары көтерілген ұлы ойшыл болды. Оның бүгінгі тәуелсіздік жағдайымыздағы қайта құру кезеңінде қалыптастырылып жатқан құқықтық мемлекетіміздің өзекті мәселелеріне дәлме-дәл жауап беріп тұрғанына таңданбасқа болмайды. Сондай мәселелердің бірі – сот тәуелсіздігі туралы. Осы тұрғыдан Абай құқықтық мемлекетте сот органдарын тәуелсіз етуді жан-тәнімен жақтайды.

Сонымен қатар, ұлы Абай сот билігінің тәуелсіздігін жақтай келе, судьялардың шығарған үкімі мен шешімдері тек заңға негізделіп, жан-жақты зерттелген және мұқият дәлелденген фактілерге материалдармен тиянақталуын әділ соттың ең басты ісі, қызметі деп таниды. «Кез келген үкімнің яки жазықтылығы, яки жазықсыздықты анықтаудың негізінде өзінің бүкіл жиынтығымен фактілер болуға тиіс», – деп тұжырым жасайды ұлы ағартушы. (Ибрагим Құнанбаев. Үкімет-Сенатқа, «Абай» журналы, 1993, №6). Абайдың саяси-құқықтық көзқарасында құқықтық мемлекетте жеке адамның құқық қорғайтын лауазымды, ерекше санаттағы адамдардың кіршіксіз таза, жан-жақты білімді және халық мүддесі мен ұлт намысын қорғау ісіне жан-тәнімен берілуін талап етеді. Ол мемлекет органдарында жартықаш адамның қызмет етуіне үзілді-кесілді қарсы шығады.



Жапар ӘЛДИБЕКОВ,
Қонаев университетінің
профессоры,
заң ғылымының докторы

Осы тұрғыда ол пайда табу үшін білім алған жастардың ұлттық мүддені қорғамайтынына көзі жетіп, ұлттық нигилистердің қаулап өсуінен сақтандырады.

Абайдың саяси-құқықтық көзқарастарының арасында өкімет басқару, мемлекеттік аппаратты жетілдіру туралы айтқан кесек ойлары да қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің қатарына жатады. Ол осы мәселелер қақында қазіргі заман ағымы мен талаптарына сай келетін аса құнды пікірлерді, идеяларды тілге тиек етеді. Сондай-ақ, ұлы Абайдың бұл идеяларын жүзеге асыру қазіргі тәуелсіз мемлекетіміздің күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің қатарына қосуға болады. Өйткені Абай заманындағы қазақ қоғамында болған жағымсыз көріністер дәл қазір де тәуелсіздік алған елімізде қайталануда. Осы ретте ұлы ойшыл Абай кәсіби парламенттің қажетті болуын жақтай келе, мемлекеттің атқарушы күші жедел әрі дұрыс шешім қабылдай алатын статустық деңгей санатына көтерілуін талап етеді. Тек осындай талаптарға сәйкес болғанда ғана мемлекетте атқарушы билік парламент шығаратын заңды орындап, тәртіпті нығайтады, шаруашылық ұйымдастыру функцияларын, алдында тұрған міндетін ойдағыдай атқара алады. Мемлекетті заман ағымына, талабына сай басқару үшін «Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында болу керек» дейді Абай бұл мәселе жөнінде. (Қырық бірінші сөз).

Сонымен қатар, ұлы Абайдың ойынша, күшті атқарушы билікті іс жүзіне асыру үшін мемлекетке ірі, халыққа танымал, соңынан көпшілік жұрт еретін, білімпаз қайраткерлердің болуы ауадай қажет. Ірі тұлға емес, кездейсоқ тағайындаған немесе сайланған адам ешуақытта (Абайдың түсінігі бойынша) атқарушы билікті жүргізе алмайды,

ондай жағдайда мемлекетте басыздық, заңсыздық орнауы, демократияның тұншықтыру процесі кең етек алуы, күштілердің әлсіздерге тізе батыруы күнделікті оқиғаға айналатыны хақ, – деп тұжырым жасайды ұлы ойшыл. Сонымен қатар, Абай саяси билік жүргізу үшін құрылған мемлекеттік аппаратты жетілдіру туралы құнды пікірлер мен идеялар ұсынады.

Сонымен бірге ғұлама Абай өз шығармаларында қазақ әйелін бостандық пен теңдікке жеткізуге кедергі жасайтын әдет-ғұрыптар мен институттарды қатаң сынға алды.

Ғұлама Абайдың реформаторлық көзқарасының негізгі идеясы – қазақ қоғамының әлеуметтік прогреске ұмтылуы, гуманизм, адамгершілік және қазақ әйелінің тең құқылық статусы деңгейіне көтерілуі. Ол жазған Ереже нормаларында ғасырлар бойы қаймағы бұзылмай, бір орнында сіресіп тұрып қалған қазақ әйелінің саяси, экономикалық, құқылық салаларындағы теңсіздігінің тамырына балта шапқаны анық байқалады. Ереженің көптеген баптарында Абай батыл түрде жалпыға міндет ретінде күйеуі қайтыс болған жесірдің өз ықтиярымен болашақ күйеуін таңдап алу құқын бекітеді. Ал бұрынғы әдеттік-құқық жүйесі бойынша күйеуі өлген жесірге өз еркімен күйеуге шығуға, бостандық алуына тыйым салынғаны белгілі. Қазақтың әдет-ғұрып құқық жүйесінде бұл институт – әмеңгерлік деп аталған. Ал Абай өзі жазған «Ереженің» 47-бабы бұл норманы мүлдем жоққа шығарып, болашақта билердің мынандай мазмұндағы норманы қолдануын талап етеді: «Жесір әйелге күйеуінің бауырына немесе туыстарына шығуы міндетті емес, оған оның ерік келісімі қажет» (ҚРОМА, 64-қор, 1-тізім, 47-бап) Абайдың аталмыш пікіріне Еуропа мәдениетінің Қазақстанда әйел бостандығына озық ықпалының тікелей әсер еткенін аңғарамыз. Әмеңгерлік институтының қолданылуын құқық нормасы арқылы тежеу ұлы Абайдың ірі реформаторлық қимыл-әрекеті және батыл қызметі деп айтуға толық негіз бар.

Міне, сонымен ғұлама Абайдың бұрын көп ашылмаған рухани қазынасының құқықтық, заңгерлік қызметінің бағытына мүмкіндігінше шолу жасалды. Ұлы ойшылдың заңгерлік қасиеттері мен құқықтық көзқарастары құқықтық мемлекет құру кезеңінде мән-мағынасын әлі жойған жоқ. Керісінше, оның мән-мағынасы күн сайын арта түсуде. Бұл бағытта әлі де ұлы Абайдан үйренеріміз көп. Себебі, Абай – қазақ, қазақ – Абай. Бұл екі ұғымды бір-бірінен бөліп қарауға өсте болмайды. Қазақ өзін-өзі танып-білуі үшін ең алдымен ұлы Абайды таныуға тиіс. Сонда көл-көсір дүниеге қанығады, замана тынысын кемеңгер ақынның, ойшылдың көкірек көзімен ұғынады.

«КІМДЕ-КІМ ӘДІЛЕТСІЗДІК КӨРІП ТҰРЫП ҮНДЕМЕСЕ – СОЛ ДА ЗАЛЫМ»

Биыл – қазақ руханиятының темірқазығына айналған, халқымыздың ұлы ақыны, ойшылы, ағартушысы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толып отыр. Бұл – тек қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл адамзат өркениеті үшін маңызды тарихи белес.

Абай – қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтерген, ұлттық ой-сананы жаңғыртып, халықты білім мен ғылымға үндеген ұлы тұлға. Оның шығармашылығы – адамзаттық құндылықтар мен әділеттілік ұғымының көркем бейнесі. Сот жүйесінде қызмет атқаратын біздер үшін Абайдың әділдік, парасаттылық, жауапкершілік және адалдық туралы айтқан ойлары ерекше маңызға ие.

Абайдың «Кімде-кім әділетсіздік көріп тұрып үндемесе – сол да залым» деген сөзі кез келген құқық саласында қызмет ететін азамат үшін ұстаным болуға тиіс. Оның қара сөздері мен өлеңдерінде қоғамдағы әділет, адал еңбек, ар-ождан, адамгершілік секілді ұғымдар терең сипатталған. Бұл қағидалар сот жүйесінің басты бағдарына сай келеді.

Бүгінгі таңда Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде Әділетті Қазақстан құру жолында ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатыр. Осы орайда, Абай мұрасын насихаттау – біздің рухани, кәсіби және азаматтық борышымыз.

ҚР Сот әкімшілігінің Жетісу облысы бойынша департаменті де ұлы ойшылдың мұра-



Ә. ТҮЛКИЕВ,
ҚР Сот әкімшілігінің Жетісу облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары

сына құрметпен қарап, оның идеяларын қызмет барысында басшылыққа алады. Әділдік пен парасаттылықты ту еткен Абайдың сөзі – әрбір сот қызметкері үшін темірқазық.

Ұлт ұстазының 180 жылдығы аясында өткізіліп жатқан шаралар – тек мерейтойлық рәсім емес, бұл – ұлы мұраны жаңғыртып, келер ұрпаққа аманаттау миссиясы.

Ұлы Абайдың қанатты сөздері, қазақ халқының педагогикалық дамуының іргетасын қалады. Абайдың өлеңдері адамның бойындағы еңбекқорлық, ғылым, өнерді дамыту қабілеттерін қалыптастырды. Абай отандық мәдениет пен өдебиетте орны бар биік тұлға.

КЕМЕҢГЕР

Оның асыл мұрасы ғасырлар ағымында бойына халықтың бар даналығын жинаған рухани байлық. Ғұламаның барлық шығармалары өз мән-мағынасын жоғалтпай керісінше қоғамның рухани өмірін дұрыс жолға бағыттаушы құралдардың біріне айналды.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өз мақаласында, «Абайдың 180 жылдығы, тек қана мереке ретінде атап өту үшін ғана емес, сонымен қатар өскелең ұрпақ, жалпы қоғамның рухани дамып, оялау өрісінің одан әрі кеңейуіне ықпал етеді».

Өз еңбектерінде Абай Құнанбаев халықты алға ұмтылуға, дамуға жетелейді. Адамдарды заманның жаңа ағымдарына даярлау мақсатында, өз шығармаларымен адамдық қасиеттерді сипаттай отырып мысалдар келтірген. Осы тұрғыдан ақынның

әрбір туындысы ұлттың тарихындағы баға жетпес мұра, әрі халықтың рухани дамуы мен заманауи қоғамдағы ұлы жетістік.

Ұлы Абайдың: «Өзі үшін ғана еңбек еткен адам, қарын тойдырған малмен тең» дегеніндей, қоғамға, халыққа қызмет еткендер ешқашан ескерусіз қалмасы анық.

Өз артында өшпес мәңгілік із қалдырған ғұлама ақын, 170-тен астам өлең мен 56 аударма, сонымен қатар бірнеше поэмалардың авторы. Абайдың жалпы қазақ халқына асыл қазына ретінде ұсынған 45 қара сөзі, адам бойындағы ең жақсы қасиеттерді тәрбиелеуге, зиянды әрекеттер мен пенделшілік әрекеттердің соңы неге әкелетіні туралы баяндайды.

Қазіргі таңда Абайдың туындылары, жалпы ұлы ақынның есімі қазақ дәстүрі



Әсем МУСИНА,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы

мен халқын тану барысында әлемдік сахнада ең бірінші еске түсетін есім.

Абай шығармашылығы, жылдар ағымына қарамастан өзекті әрі асыл тарихи мұра болып қала бермек. Өскелең ұрпақ, Абайдың шығармашылығын тани отырып адами қасиеттердің құндылығын бойына сіңіріп, оны өз өмір жолында қолдана білсе нұр үстіне нұр болмақ.

ТАРАТУ

2. «Редут-Защита» ЖШС (БСН 081140006891) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, 050009, Алмалы ауданы, Абай даңғылы, 157А үй, 14-кеңсе, тел. 8 701 182 5663.

3. «Golden Oiltech Service» ЖШС (БСН 220740007413) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Алтын орда шағын ауданы, 338-үй, 5-пәтер, тел. 8 777 800 7332.

4. «DATA COMMUNICATION» ЖШС (БСН 200640014280) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 28 шағын ауданы, 13-үй, 28-пәтер.

5. «Құрылыс Контроль LTD» ЖШС (БСН 211140014029) заңды мекенжайы: 120000, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақмаржан шағын ауданы, Геннадий Рашин көшесі, 4-үй, өзінің «MMM GROUP» ЖШС-не қосылу арқылы таратылатындығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақмаржан шағын ауданы, Геннадий Рашин көшесі, 4-үй, тел. 8 777 997 1993.

6. «TAISER» ЖШС (БСН 240540019710) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Жаңа Орда шағын ауданы, 21-үй, 108-пәтер.

ӘРТҮРЛІ

8. Мемлекеттік органды қосу арқылы қайта ұйымдастыру туралы хабарлама (ҚР Азаматтық кодексінің 48-бабы тәртібінде)
Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментін (бұдан әрі - Департамент) ШҚО бойынша ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаментіне қосылу жолымен қайта ұйымдастыру туралы жарияланады (ҚР Президентінің 30.06.2025 жылғы № 927 Жарлығы).
Жарлыққа сәйкес Департаменттің барлық құқықтары мен міндеттері ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ШҚО бойынша департаментіне және ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ШҚО бойынша департаментіне өтеді.
Қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік органның кредиторлары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде өз талаптарын қоюға құқылы. Кредиторлардың талаптары мына мекенжай бойынша қабылданады: Өскемен қаласы, Лихарев көшесі, 2.
Қосымша ақпаратты 8(7232)29-88-88 және 29-88-83 телефондары арқылы алуға болады.

9. Мемлекеттік органды қосу арқылы қайта ұйымдастыру туралы хабарлама (ҚР Азаматтық кодексінің 48-бабы тәртібінде)
ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қосу арқылы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Маңғыстау облысы бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент) қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарланады (30.06.2025 жылғы ҚР Президентінің Жарлығы № 927).
Аталған Жарлыққа сәйкес, Департаменттің барлық құқықтары мен міндеттері ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне және ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне берілді.
Қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органның борышкерлері аталған хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде міндеттемелерінің орындалуын талап етуге құқылы. Ақтау қаласы, 23 ықшам ауданы, 100-ғимарат мекенжайы бойынша борышкерлердің міндеттемелері қабылданады.
Қосымша ақпаратты 8-(7292) 31-91-10 телефон бойынша алуға болады.

10. Мемлекеттік органды қосу арқылы қайта ұйымдастыру туралы хабарлама (ҚР Азаматтық кодексінің 48-бабы тәртібінде)
ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қосу арқылы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент) РММ қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарланады (30.06.2025 жылғы ҚР Президентінің Жарлығы № 927).
Аталған Жарлыққа сәйкес, Департаменттің барлық құқықтары мен міндеттері ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Астана қаласы бойынша департаментіне және ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментіне берілді. Қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органның борышкерлері аталған хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде міндеттемелерінің орындалуын талап етуге құқылы. Астана қаласы, А.Тоқпанов көшесі, 45 адрес бойынша борышкерлердің міндеттемелері қабылданады. Қосымша ақпаратты 8-(7172)-72-66-20 телефоны бойынша алуға болады.

12. Маңғыстау облысы әкімінің 2025 жылдың 12 маусымындағы №138 қаулысы негізінде, Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№11 «Балдырған» бебекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№11 «Теңге» бебекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылғаны хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: (БИН 240840011141) 130205, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Теңге ауылы, Өтебай Наятұлы көшесі, 15 ғимараты.

13. Аудиторлық қызмет жөнінде кәсіби кеңестің (АҚКК) біліктілік комиссиясы 2025ж. 6 және 8 маусым аралығында өткен «Қазақстан Республикасының аудиторы» атағын алуға арналған емтихандық сессияны қорытындылай келе, «Аудитор» атағы 16 (он алты) үміткерге берілгенін хабарлайды.
АҚКК біліктілік комиссиясы келесі емтихан тапсырушыларды емтихандарды сәтті тапсыруымен және «Аудитор» біліктілігін алуымен құттықтайды:
Асемова Ару Бейбетовнаны;
Ауезхан Айгүл Ерлановнаны;
Водолянова Наталия Александровнаны;
Ильясова Джамия Ермекебаевнаны;
Капанова Айым Алматқызын;
Кожанова Юлия Викторовнаны;
Кубиев Ерлан Булатовичті;
Күзембаев Арман Асылбек-овичті
Мғалоблишвили Павел Давидовичті;
Омарова Салтанат Жанатовнаны;
Сакенова Сауле Қорғановнаны;
Сарсембаев Рамазан Қазыбековичті;
Седенко Дмитрий Витальевичті
Тумабеков Ержан Абдиқаримовичті;
Хан Елизавета Робертвананы;
Чиркова Юлия Андреевнаны.
Барлық қызықтыратын сұрақтарыңыз бойынша +7 727 249 76 02, +7 700 304 00 57 телефондары арқылы немесе kvalkom@psad.kz электронды поштасына хабарласыңыздар.
АҚКК біліктілік комиссиясы

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency Kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
E-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

11. А ГЕПАТИТІ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ? АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

А гепатиті — бауырға әсер ететін вирустық инфекция. Көбінесе А гепатиті вирусы ластанған тамақ немесе су арқылы фекальды-оральды жолмен беріледі. Вирустың адамнан адамға оральдык жыныстық қатынас арқылы тікелей берілуі де мүмкін.

А гепатитінің қоздырғышы — құрамында Picornaviridae тұқымдасына жататын, туыстығы Heratovirus РНҚға қатысты вирус бар.

А гепатиті вирусы қоршаған орта факторларына өте төзімді, ол суда, тамақ өнімдерінде, ағынды суларда және беттерде ұзақ уақыт сақталады, сонымен қатар +4-тен +20 °С-қа дейінгі температурада өмір сүре алады. Гепатит вирусы қайнату, ультракүлгін сәулелену, сондай-ақ хлормен дезинфекциялау құралдарының әсерінен жойылады.

А гепатитінің дамуы
Инфекцияның кіру қақпасы — бұл ас қорыту жүйесінің шырышты қабаты, онда вирус белсенді түрде көбейеді және оның бөлшектері бауырға қан ағымымен таралады.

Бауыр жасушалары (гепатоциттер) А гепатиті вирусының өзін бұза алады, өйткені гепатоциттердің қабығында тиісті рецепторлар бар, оларға вирус бекітіліп, жасушаның ішіне енеді, онда депоксация жүреді — вирустың РНҚ-ның бөлінуі. Гепатоциттердің ресурстарын пайдалана отырып, оралмаған РНҚ-дан жаңа вирустық бөлшектер қайта жиналады. Олардың кейбіреулері өтпен шығарылады, қалған бөлшектер көрші гепатоциттерді жұқтырады.

Адам жұқтырған кезде вирус үнемі өтпе еніп, онымен бірге шығе еніп, нәжіспен шығарылады, осылайша вирустық бөлшектер таралады және басқа адамдарға берілуі мүмкін. Уақыт өте келе иммунитет жүйе вирус түнеді, адам қалпына келеді.

А гепатитінің даму кезеңдері

Ауру қатарынан үш кезеңнен өтеді — продромальды, өршу және реконвалесценттік, яғни баяулау, қалпына келу.

Продромальды немесе сарғаюуға дейінгі кезең орта есеппен бір аптаға созылады. Осы уақытта иммунитет жүйе вирусты байқайды және оған қарсы белсендіріледі. Тұмауға ұқсас белгілер пайда болады: бас ауруы, дененің ауыруы, қалтырау, температура тез 38-39°С дейін көтеріледі. Сарғаю алдындағы кезеңнің соңында адам зәрдің түсінің өзгеруі — күңгірт, ал нәжістің, керісінше, ашық түс болғанын байқауы мүмкін.

Сарғаю кезеңінде (қызу кезеңінде) вирус бауырға жетіп, оның жасушаларын бұзады. Науқастың терісі, шырышты қабаттары, склералары сарғайады. Зәрдің түсі барған сайын күңгірт болады (қара сортты сыраға ұқсайды), ал ішек қозғалы-

сы түссіз болады. Әлсіздік пен төбеттің төмендеуі, оң жақ бүйірінің ауырлық сезімі сақталуы мүмкін. Сарғаю пайда болғаннан бастап 20-25-ші күні симптомдар жеңілдейді.

Қалпына келтіру (реконвалесценция кезеңі) инфекциядан кейін орта есеппен 2 айдан кейін пайда болады. Имундық жүйе вируспен күреседі, ал вирустық бөлшектер денеден шығарылады. Жалпы жағдай жақсарды, терінің және шырышты қабаттардың сарғаюы төмендейді, зәр мен нәжіс қалыпты түске ие болады. Толық қалпына келтіру 2-3 айға созылуы мүмкін.

А гепатиті вирусы адам ағзасына енуі мүмкін жағдайлар:

- А гепатиті бар адам қолын жуамаған немесе бір рет қолданылатын қолғапсыз пісірген жұқтырған тағаммен;
- жұқтырған сумен;
- А гепатитімен ауыратын адаммен жыныстық қатынас кезінде (бұл вирустық бөлшектер лас заттарда қалып, ауыз қуысының шырышты қабығына түсетін фекальды-оральды берілу жолының ерекше жағдайы).

- инфекцияның мүмкін жолы — босану кезінде нәрестеге анасынан жұқтыру.

- Қауіпті топқа санитарлық-гигиеналық жағдайы нашар дамыған елдерге баратын адамдар, сондай-ақ қолды, көкөністер мен жемістерді мүкірт жууды елемейтіндер, қайна-тылмаған су ішетіндер, бақша өсімдіктерін суару үшін күмәнді көздерден су қолданатындар кіреді.

Ауру күзгі-көктемгі маусымдылықпен және ыстық оңтүстік аймақтарда үнемі жұқтыру қауімімен сипатталады. Аурудан кейін өмір бойы тұрақты иммунитет қалыптасады.

А гепатитінің белгілері

Орташа алғанда, А гепатитінің инкубациялық кезеңі 20 күнді құрайды, бірақ 15-тен 30 күнге дейін созылуы мүмкін. Бұл кезде адамда аурудың белгілері болмайды.

Содан кейін инфекция жойылуы мүмкін немесе әртүрлі дәрежеде айқын белгілермен бірге жүруі мүмкін. Әдетте, А гепатитінің көріністері инфекциядан кейінгі 2-7 аптада пайда болады және орта есеппен 2 айдан кейін өтеді, бірақ алты айдан астам уақытқа созылуы мүмкін.

А гепатитінің белгілері:

- шаршаудың жоғарылауы;
- жүрек айну және құсу;
- терінің және склераның сарғаюы;
- іштің жоғарғы бөлігіндегі ауырсыну оң жақта;
- терінің қышуы;
- зәрдің қараюы;
- қызба;
- төбеттің төмендеуі;
- нәжістің түсі өзгереді (ол ақ саздың түсіне ие болады);

- буын ауруы;
- бас ауруы, бас айналу;
- саныаң, мінез-құлықтың, есте сақтаудың бұзылуы.

Гепатиттің әртүрлі түрлерінің жалпы сипатомы — терінің және склераның сарғаюы. Бұл қандағы билирубиннің артық өт пигментінің жиналуына байланысты пайда болады. Гепатиттегі сарғаю осы пигменті бар бауыр жасушаларының бұзылуына байланысты пайда болады.

Аурудың өткір кезеңінде басқаларға жұқпалы болады, ал егер ауру астыртын өтсе, ол тіпті қауіпті екенін білмей қалуы да мүмкін. Емдеу кезінде симптомдар әдетте екі ай ішінде толығымен жоғалады.

- Жедел А гепатитінің ықтимал асқынулары:
- жедел бауыр жеткіліксіздігі;

- жаппай геморрагиялық синдром (қан кету үрдісі);
- бауыр комасы;
- холангит-өт жолдарының қабынуы;
- панкреатит-ұйқы безінің қабынуы.

А гепатиті үшін қандай дәрігерге бару керек

Егер адам әл-ауқатының нашарлағанын байқаса, әлсіздік, бұлшықеттер мен буындардағы ауырсыну пайда болса, тері мен көздің ақтығы сарғайып, төбеті жоғалса, терінің қышуы пайда болса, (әсіресе түнде), ол мүмкіндігінше тезірек дәрігермен кеңесу керек.

Егер жедел А гепатитіне күдік болса, маман аурудың белгілері мен деректерін нақтылайды, тексеру жүргізеді. Әдетте, науқастарда бауыр ұлғаяды, пульс жоғарылайды, көздің, терінің және ауыздың шырышты қабығының сарғаюы байқалады.

Зертханалық диагностика

Дәл диагноз қою үшін дәрігерге А гепатиті вирусына антиденелер үшін қан анализінің нәтижелері қажет болады. Инфекцияның ең маңызды белгісі — аурудың бастапқы кезеңінде пайда болатын және алты айға дейін қанда қалатын М класындағы антиденелер. G класындағы антиденелер — бұрын болған инфекцияның көрсеткіші, олар инфекциядан кейін шамамен бір айдан кейін пайда болады.

А гепатитін емдеу

Жедел А гепатитіне арнайы дәрі-дәрмектер жоқ: басты міндет — ағзаға вирусты және инфекцияның салдарын өз бетінше жеңуге көмектесу. Сондай-ақ, дәрігерлер науқастарға жалпы әсер ететін вирусқа қарсы препараттарды қабылдауға кеңес бермейді — олар вирусқа әсер етпейді және бауырға улы болуы мүмкін. Оның орнына жеткілікті демалу керек, теңдестірілген және әр түрлі тамақтану керек, ылғалдану үшін таза, газдалмаған су ішу керек. Емдеу курсы ұзақ, кейде алты айға дейін

созылуы мүмкін. Жедел А гепатитінің жеңіл түрінде емдеу үйде жүргізіледі. Аурудың орташа және ауыр түрлерінде ауруханаға жатқызу қажет. Сонымен қатар, ауруханада гепатиттің асқынған түрлері бар науқастар, жүкті әйелдер мен балалар емделеді.

Көптеген адамдар емделгеннен кейін өмір бойы иммунитетті қалыптастырады.

А гепатитіне арналған диета және режим

Жедел А гепатитімен ауыратын адамға тесек демалысы және жұмсақ диета ұсынылады. Қуырылған, ысталған, маринадталған, май дарадан шығарылады, қызыл өт пен өңделген тағамдарды шектейді, алкогольге тыйым салынады.

Жедел аурудан айыққаннан кейін оңалту және диеталық терапия қажет емес, өйткені толық қалпына келтіру жүреді.

А гепатитінің карантин диагнозы қойылған сәттен бастап 35 күнге созылады.

А гепатитінің алдын алу

Аурудың болжамы әдетте қолайлы. Науқастар алты ай ішінде қалпына келеді. Сирек жағдайларда ауру ұзаққа созылады.

Егер үйде біреу А гепатитімен ауырса, онда отбасы мүшелерін жұқтырудың алдын алу үшін үнемі дымқыл тазалау және вирус болуы мүмкін беттерді дезинфекциялау қажет: дәретхана орындықтары мен раковиналар, есік тұтқалары, ажыратқыштар, қашықтан басқару құралдары, үстелдер мен орындықтар.

Жақсы жеке гигиена да маңызды. Көшеден оралғанда, тамақ дайындамас бұрын, дәретханаға барғаннан кейін, сондай-ақ баланың жергегін ауыстырғаннан кейін әрқашан қолыңызды жылы сумен және сабынмен жуу керек.

А гепатитінен мақсатты түрде қорғандық жалғыз жолы-вакцинация. 2 жастан бастап балаларға вакцина егіледі. Бүгінгі таңда егу профилактикалық егулердің Ұлттық күнтізбесіне кіреді.

А гепатитіне қарсы вакцина 6 ай аралықпен 2 инъекция арқылы беріледі.

Эпидемиология көрсеткіштер бойынша Вакцинация А гепатитімен ауыратын, бірақ дені сау, бұрын А гепатитімен ауырмаған және осы ауруға қарсы вакцинацияланбаған 14 жасқа дейінгі балаларға ұсынылады.

Мұндай адамдарға Вакцино-профилактика олар байланыста болған науқас анықталған сәттен бастап таяудағы 14 күн ішінде жүргізіледі.

Алматы қаласы
Әуезов ауданы
санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы
басшысы
Исембаева А.Б

16. Сары ауру — жұқпалы ауруы

Сары ауру — бұл бауырды зақымдайтын, вирустар арқылы таралатын жұқпалы ауру. Ең жиі кездесетін түрі — А гепатиті, көбіне лас қол арқылы, ластанған су мен тамақ арқылы жұғады.

Ауруды көбінесе балалар мен жасөспірімдер жұқтырады.

Қалай жұғады?

Жеке бас гигиенасын сақтамағанда; Жуылмаған жеміс-жидек немесе тер-

миялық өңделмеген тағам арқылы; Ластанған ауыз су арқылы; Ауру адаммен жақын байланыста болғанда.

Ауру белгілері:

- Әлсіздік, тез шаршау;
- Төбеттің жоғалуы;
- Іші ауырып, жүрек айнуы, құсу;
- Зәрдің қоныр түске енуі;
- Көздің ағы мен терінің сарғаюы;

Қалай сақтануға болады?

Жеке гигиена: Қолды сабындап жиі жуу (әсіресе тамақ алдында және дәретханадан кейін); Балаларға қол жуу дағдысын үйрету.

ҚР СОС СЗБК «ҰСО» ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы»
Созақ ауданындағы дезинфекциялық секторының дезинфекторы
А.А.Түлимов

14. Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының «15» шілде 2025 жылғы анықтамасымен «Ерхат-Жолдары» ЖШС-не қатысты (БСН 070740008815) оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды.

17. Мемлекеттік органды қосу арқылы қайта ұйымдастыру туралы хабарлама (ҚР Азаматтық кодексінің 48-бабын тәртібінде)

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қосу арқылы «Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарланады (30.06.2025 жылғы ҚР Президентінің Жарлығы № 927).

Аталған Жарлыққа сәйкес, Агенттіктің барлық құқықтары мен міндеттері ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне және ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне берілді.

Қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органның борышкерлері аталған хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде міндеттемелерінің орындалуын талап етуге құқылы. Петропавл қ., Интернациональная к. 60, адрес бойынша борышкерлердің міндеттемелері қабылданады.

Қосымша ақпаратты 8-(7152)-46-05-79 және 70-44-44 телефондар бойынша алуға болады.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директору Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «ТTrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы өткен № 51–53 сандарда)

Басқа дәлелдемелерін айтпағанда, оның бұған қатысы жоқ дейтінін, ол оңқай екен. Өзіне елең ете қараған Ботабайдың қозғалақтағанын тез аңғарған Бұлан оны осы төңіректе тереңдете сөзге тартуға іштей түйілді.

– Немене сөз бұл? Оңқай дегенің.
– Сенің бокстан қалалық, облыстық жарыстарда чемпион атанғаныңды естігенмін. Демек, боксшы үшін солақай және оңқай ұғымы саған ұғынықты. Негізгі соққы сол қолмен жасалса солақай, оң қолмен жасалса оңқай делінбей ме? Әдетте солақай боксшы оңқай боксшыға қолайсыздық тудыратыны белгілі. Мәселен, сен солақайсың.

– Оны қалай біле қойдың? Енді Ботабайды үстелге жақындауға ишаралаған Бұлан ортаға манағы түрлі-түсті суретті қойды.

– Міне, мына бейнедегі өзінді таныдың. Енді тұрысыңа назар аудар. Сол қолыңды иегіңнің астына таман көтере, оң қолыңды алға созып, әлдекіміңді шабуылынан қорғанбақшы әрекетпен оң жақ тұсыңа қадала қарап қалғаның. Айтқаным дұрыс па? Кімнен қауіп күттің?

– Ондағы тұрысымда қандай шақтақ бар? Бұл рингтегі боксердің емес, алқын-жұлқын билеген адамның қалыпты бейнесі ғой.

– Жоқ, билеген адам қолын кеудесіне тартып қалшы билемейді. Керісінше екі қолын төмен түсіріп немесе жоғары көтеріп бүкіл денесін қозғалтып билейді. Сол күнгі оқиға енді жадыға қонақтады ма? Қалай болғанын айтшы.

– Дұрыс айтасың. Бәрі өзің зуылдатқанындай жадымызда жаңғырды. Бидің әбден қызған кезінде біреу қағып жіберген Фарида тізесімен шөкелеп қалды. Мен дереу оны сүйемелдеп түрегелттім де, әлгі есерлене билеген нақұрысты іздедім. Соңша топырдан кімге ен таққандайсың? Менің сол сәттегі қимылым суретшінің экранына ілінген болса керек, – деді даусына сәл қырыл араласа сөйлеген Ботабай.

– Одан ары не болды? Кібірткітпей айтсаңшы.

– Не болсын? Кенет би тоқтап, топырласқан қыз-жігіттерден әлдекіміңді құлағанын естідім де, аяғын ауырсынған Фариданы сүйемелдей сыртқа шықтым. «Иордан есінен танып жатыр» деді біреу. «Иордан демсіз жатыр» десті тағы біреу. Кенет Жедел жәрдем, полиция келді. Мариям апа да жетті айқайлап. Біз біреудің өлгенін қызықтағандай кідіруге ыңғайсызданып қайтып кеттік. Ал сен мені оңқай, солақай деген долбармен осыдан жиырма жыл бұрынғы оқиғаға қатысқанға айналдырып, қылмыскер етпексің. Сөйтіп грек кемпірдің ақшасын сыпырмақсың, ә!

– Қызбаланба. Егер оны сен топшылағандай Бәрі ұрса, ол бірінші күшті соққысын оң қолымен жасайды да, Иордан жастар топырлай билеп жатқан сахна жаққа қарай құлайды. Ал мұнда керісінше оның денесі би алаңының ашықтау тұсында, қабырға жағында жатыр. Демек, оған соққы сол қолмен жасалғандықтан да солай қарап құлаған. Мұқият назар аударсаң, бұл маңда жұдырығың түюлі тұрған солақай боксер өзің ғана. Сен Фариданы тұрғызбағаның. Оң жағыңда билеген жігіттің қызды қағып құлатқанын анық көрдің. Содан бидің жылдамдатылған ырғағымен алаңсыз секіре қимылдаған оны бар ашу-ызаңмен сол қолыңды туралай аямай соғып жібердің де, дереу суреттегіңдей қарсы шабуылға әзірлене қалдың. Иордан құлады деген шуды естігенде өзі де тұрып үлгерген Фариданы сүйемелдей топтан жырылып шықтың. Бірақ ұзамадың. Өйткені оның соңыңнан іздеп келуін күттің. Маған сенбесең, мына түрлі-түсті суретіңе назар салшы. Фариданың

құлағандағы дауысын естіген Зәмира деген қыз жалт қарағанда, қызыл футболка, аяғында аппақ носки мен қызыл красовкалы сені көрген. Бірақ құлаған қызды сен сүйемелдеді демейді. Егер Иорданды ұрып жібермей, қызыңды тұрғызып жатсаң, соны айтар еді ғой. Оқиға сенің боямалағаныңдай емес, мен баяндағандай болғаны рас қой, – дегенде Ботабай басын шайқап күлді.

– Он жеті жыл бұрын өткен оқиғаны дәл көзіңмен көргендей суреттегенің таңмын. Бұйтіп адвокатпын әлде із кесушімін деп үй-үйді аралағанша, жазушы

болуың керек еді. Сенікінің бәрі бекер сөз. Ол ешқандай соққыдан емес, жазымнан өлді. Бірақ Мариямның айқайының зорлығымен Бәрі ілінді жармаққа. Басымды қатырмай келген жағыңа қайтқаның жөн, – деген Ботабай екеуара әңгіменің аяқталғанын байката орнынан тұрды.

– Мен саған мына суреттің жартысын ғана көрсеттім, қалғанын өзіңнің мойындайтынына сеніп.
– Сонда жартысы қайда? Оны немене тықпыштап отырсың?
– Видеошы Сапақ жерлесіңді білесің ғой.
– Оның кім тағы? Е, Қаратастағы Сапог па? Жұрт оны Сапақ дейді. Ал мен ылғи Сапог деп жынына тиемін. Айтпақшы, оның бұл іске қандай қатысы бар? – деді тағы да алаңсыз күлген Ботабай.

– Қатысы бар ғой. Сол күнгі оқиғаны видеосына түгел таспапты. Мына суретінді видеоға тартқан Сапогың қазір сенің өзіне қарызыңды әл-әзір қайтармайтыныңды есептеп, қалған ақшаның төлеуді қайын жұртыңдағы Фаридаға ескерту үшін күн аралата соғатынын өз аузынан естідім, – деді Бұлан қазіргі жағдайды өз пайдасына қарай бұра сөйлеп. Бірақ Ботабай тағы да бұрынғыша мысқылдай күліп, міз бақпаған қалпын бұзбады. Өзінің дәлелдемекші сөздерін құлағына қыстырмаған оның бұ жолы ашық мойындауынан күдер үзгенде есіне Сапақтың «Мариям апайдың ақшасы сабаң ғой. Соны пайдаланбайсыз ба?!» деген ілме сөзі түсті. Демек, Сапақтың қолында Иорданға қатысты жасырып отырған басқа да суреттер бар. Енді сол дәл деректерді видеошыға сұраған қаржысын төлеп сатып алуы, сөйтіп бұл іске нүкте қоюы керек.

Яғни, Сапақты Мариямның ақшасына жығып, Ботабайдың мысқыл күлкисін күмәраға айналдырмаққа сенімді бел байлаған із кесуші үстелге жайылған қағаздарын жинастырып жатқанда, Ботабайдың телефоны шырылдап, ол біреумен сөйлесуге кірісті. Портфелін қолтығына қысқан Бұлан үй иесіне «Мен сенімен қоштаспаймын, әзірге сау боп тұр!» деді де сыртқа беттеді. Көшеге шығып, көлігіне отырғанда, сол қолындағы телефонның бұлғай «Тоқта-тоқталап!» өзіне қарай жүгірген Ботабайды көрді.

– Үйге жүр. Бәрін өзім айтамын басынан, – деді ентігі басылмай, демін зорға ала сөйлеген Ботабай. Аяқ асты бұл неткен өзгеріс екенін пайымдамай, өзіне сұраулы жүзбен қараған Бұланға:
– Ол ит менің қанымды тағы да сормақшы. Түрмеден қорқып оған жалпылдағанша, бәрін мойындап сол абақтыда отырғаным артық. Он жеті жыл Мариям апа қалай боздаса, мына Сапақ ит мені де тура он бес жыл қанымды сорып түгімді қалдыр-



КӨМБЕСІ КӨП ЖЫЛДАР

мады, – деген Ботабай Бұланды ертіп үйіне кірген соң әңгімесін жалғастырды.

– Бәрінің қалай болғанын тыңда енді. Он жеті жыл деген аз уақыт емес. Егер Сапақ ит болмаса мен тіпті ұмытқандай да едім. Әдейілеп өлтіру үшін ұрғаным жоқ. Егер ол Фариданы қағып жібермесе, қол көтеріп не жыным бар? Бұған дейін ерегіскен де, жауласқан да, тіпті сөзбен де ілініскен емеспіз. Мен мұны қылмысқа емес, халықтың «Жазым болса, быламықтан тіс сынады» дегеніне жорығанмын. Арада үйленіп жұмыс істемекке Әулиеатаға қоныс аудардым. Бала-шағамыздың ортасында Фаридамең бақтыты өмір сүріп жаттым. Бір күні үйде оңаша отырғанымда Сапақ келді сұмаңдап. Қаратастың бірді-екілі жаңалығын әңгімелеп отырды да, кенет Иорданды қозғады. Оны біреудің ұрып құлатып, содан басы тасқа соғылып өлгенін, анасының жер-көкті қоймай қылмыскерді іздетіп, бірақ ештеңе таппай, босқа шығындығын жатқанын әңгімеледі. Мен ештеңе білмегенсіп үндемедім.

– Ол күнді ұмытсаң есіңе түсірейін. Оны ұрып құлатқан сенсің. Бұған менің айғағым бар, – деп төбемнен жай тастағандай болған оның жағасынан қалай ала түскенімді байқамаппын да. Үстелге басынан тұқырты еңкейттіп:
– Не оттайсың оңбаған ит. Сені жұрт жабысқақ деуші еді. Маған да бәлеңмен жабыспақпысың? Сендей бәлекорды жабысқақша сығып тастаймын, – дедім бетін қайтарып, аузын екінші мәрте ашпайтындай шошытпаққа. Қолымнан жағасын босатып орындығына жайғасқан ол менің алдыма бірнеше суретті лақтыра салды да ұшып тұрып:
– Суреттерге әбден анықтап қарағын. Соған соң иманыңды үйіре бер. Видеоны сол күйінде, ал суреттерді көбейтіп Мариямға да, полицияға да тапсырамын, – деп үйден шыға жөнелді. Түрлі-түске боялған суреттерден Иорданға қол сілтеген өзімді көргенде есімді бірден жинадым да, Сапақтың соңынан жүгірдім. Жеткен бойы жалынып, кешірім сұрап үйге қайта кіргізіп не керегін сұрадым.

– Мен енді саған келмеймін. Таалабымды тек телефонмен айтамын. Егер мерзіміңде орындамасаң, барлық дәлел әлгінде айтқан екі жерге жөнелтіледі, – деді. Оның шарттарына көнбеске амалым жоқ еді. Өйткені баласын өлтіргенді індеті іздеп, көзін жоятынын жариялап жүрген Мариямның әрекеті бүкіл облысты кеулеп тұрған. Соның өзінен сырттай үркеттейтін мен қанша аласұрсам да мынадай фактімен біреуге мәжбүрлікпен байланғанымды біржола мойындаудан басқа жол таппадым. Содан Сапақ мені телефонмен сауа бастады. Айлығым айлықтай, тапқан

молайды. Ең соңында оның қойған шартын біржола бітірмекке үйімді сатып, бала-шағаммен далада қаңғырдым. Бірақ ол оқта-текте мазалайтын әдет тауып, соңымнан қалмады. Фаридаға рақмет, соның бәріне көніп үндемеді. Жүйкем тозған мен кейінгі жылдары оған тыныштық таптырмауға айналдым. Ақырында әйелім төркініне кетіп құтылды менен. Егер Иорданмен арадағы оқиғаны бірден мойындағанымда, ендігі түрмеден босайтын да едім-ау деп өкіне ойланамын.

– Оқиға қалай болды? – деді Бұлан өз ойын тағы да тиянақтай түсу үшін.
– Бәрін көзіңмен көргендей айтып келіп, «Солай болған ба еді?» деп сұрағаның қалай?
– Бағана менің дәлелдеріме күле қарап, ештеңені қаперіңе алмай отырдың. Енді табан астында неге өзгеріп кеттің?

– Е, соны айтпаппын ғой. Өзіңіз кетпекке жиналған сәтте телефоным безілдеді емес пе? Қоссам – Сапақ. «Үйіңе детектив барды ма?» дейді. «Иә» дедім. «Жақсылап тыңда. Егер менің архивімдегі Иорданды ұруға қол сілтеген суреттерінді соның пәкісіне салсын демесең, бір миллион ақша дайында» дейді. «Ондай қаржы менде жоқ. Онсыз да сенің сұрағаныңды табамын деумен тырдай жалаңаш қалып, отбасыммен де ажырасып тындым емес пе?!» деймін шыр-пырым шыға. «Астыңдағы «Аудийінді» сат. Содан соң: «Сіздің қолыңызда болып, малыңызды бағамын. Үйіңізден ешқайда кетпестен, бар жұмысыңызды істеймін. Фаридамең қосыламын. Тек тез арада бес жүз мың теңге тауып беріңіздерші» деп қайын атаң мен енеңе жалын. «Аудийін» бес жүзге өтеді, қалған бес жүз мыңды әлгіндей амалмен қайын жұртыңның қолына кірген соң талап етемін. Соған дейін күтемін» дейді міз бақпай. Сапақтың мына аярлығын естігенде жүрегім жарылып кетердей тынысым тарылып, тұншығымды эзер бастым да, ойланбастан сіздің соңыңыздан жүгірдім. Енді не болады? – деді Ботабай.

– Енді не болатынын Мариям апаңнан естисің. Қаратасқа барамыз. Ол кісінің сондағы ауруханада жатқанын айтқанмын өзіңе, – деген із кесушіге ілескен Ботабай соңғы жылдары аяғы сирек тиетін, өзіне де беймәлім түйсікпен қарадай үркіңкіреп жүретін туған қаласына бет алды.

Күн сайын сағатын санап жолын тосқан адамның табалдырық атқанын көзі шалған Мариям сұлық жатқан төсегінен басын көтеріп, оның амандасуға созған қолын босатпай жүзіне қатулана қарады.

– Мен балаңызға жұдырық жұмсаған, яғни ұрып құлатқан адамды

таптым. Он жеті жыл күткен мына суыт хабар құлағына тиісімен арқасын жастыққа сүйей тіктелген күйі Бұланға тағы да шаншыла қадалған Мариямның қырыл араласқан зәрдей үні естілді.

– Қайтіп? Қалай іздеп, қайдан таптың? Тапқан адамың Иорданымды ұрғанын шынымен мойындады ма? Әлде бұдан он жеті жыл бұрынғы қылмыс үшін жауапқа тартылмайтынына, өзіңнің құтқаратынына сендірген біреуді өлмелі кемпір, менің ақшамды алдап алуға екеуара келісіп әкелдің бе?! Мына күтпеген сұмдық жалалы сұрақтардан із кесушінің тұла бойын әттегенайға толы у татыған запырандай ащы өкініш қысты.

– Сізді обалсынып бекер-ақ шабылыптың. Байлығыңызды тыққан жеріңізден шығармаңыз. Ол адамды да, мені де енді көрмейсіз, – деп Мариямның әлі жібермей ұстаған екі алақанының арасынан қолын сілкі босатқан Бұлан жалт бұрылып есікке беттегенде, кемпірдің жалынышты дауысы естілді.

– Ойбай-ау! Ақымақ басым-ау! Енді қайттім? Айналайын, балам! Кешіре гөр мендей жылаудан жанары жабылуға, аяғы жұрмеуге, есінен айырылуға айналған кәрі қақпаста. Құйқасын шымырлатқан қақпаста үннен еріксіз кідірген Бұлан кейін бұрылды. Із кесушінің бұрылғанын байқасымен Мариям тағы да жаны шықына:

– Көрсетші маған қылмысын он жеті жылдан кейін мойындаған қашқын кәззапты, – деді үні қырылдай естіліп.

– Жарайды. Кіргіземін ішке. Көзіңізбен көріңіз. Содан соңғы сөзді тереуші мен сот айтар, – деген Бұлан есікті ашты. Ішке көзі шүңіректеу, келбетті жігіт кірді.

– Тоқта сол жерге! Қозғалма! Сұрағымна ғана жауап бер. Иорданымды аңдаусызда ұрып құлатқаның рас па?! – деп жастығының астын сипалай денесін тіктеген Мариям қараған Ботабайдың «Рас!» дегені сол, кенет кемпірдің қолында алмастай жарқ еткен пышақ есік көзінде тұрған бұған қарай сілтенді. Назарын Мариямның қимылынан аудармаған Ботабай басын бір жағына эзер бұрып үлгерген еді. Зу еткен күйі есікке кірше ете қадалып, жерге түспей діріл қаққан пышақтың зыңылына ілесе кенеттен Мариямның күңірене өкінген зілмәуір айқайы естілді.

– Ажалсыз екенсің. Он жеті жыл бойы жылай-жылай екі шырағым сөніп қалғанын Иорданымды өлтірген ит табылса деп, көзіне пышақ қадап, оны да өзімдей соқырға айналдырып үнін біржола өшіруге үлгерсем деп Жаратқанға жалбарына армандадым. Он жеті жыл қолымнан пышақ түспеді, жастығымның астында күні бүгінге дейін пышақ жатты. Осылай дайындалған мен көзінді ойып алып, сотқа дейін-ақ жазаға өзім тартпақшы едім. Япыр-ай! Ажалы жоққа, амалың да жоқ екен ғой, – деген ол аз-кем тыныстап, сөзін жалғастырды.

– Айналайын Бұлан! Саған айтарым, мен бұған кешірімді бердім. Адамның ажалына себелші болып жасырынып жүрген пенденің де көрген күні күн емес. Он жеті жыл өзін-өзі жазалағаны да жетер. Егер полиция ұзақ жыл жасырынған қылмыскердің табылғанын сүйіншілеп аттана шапса, өзің қорғағын. Ол сенің қолыңнан келеді. Ал саған өле-өлгенше алғысымды жаудырумен өтемін. О дүниедегі Иорданым он жеті жыл тынбай ажалыңды иесін іздеген анасы мен бейбаққа да, оны тапқан өзіңе де риза шығар, – деп көңілінің түкпірінде берішке айналған кесек-кесек түйіндердің тарқатылғанын аңғарта сөйлеген Мариям төсегіне жатты да, екі қолын кеудесіне айқастыра қимылдамай, үнсіз мүлгіді.

Бағдат ҚАЛАУБАЙ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklama@zangazet.kz
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5719 дана
Апталық таралым 11438 дана
Тапсырыс №9107 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31